ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№7 (3735)
28 қаңтар 2025

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

XXXII Қысқы Универсиада: ҚАЗАҚСТАН АЗИЯДАҒЫ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

Қазақстан Италияда өткен XXXII Қысқы Универсиада ойындарында Азия құрлығынан Корея мен Жапониядан кейінгі үздік үштікке кірді.

(Жалғасы 3-бетте)

ТӘЖІРИБЕ

ӘСКЕРИ-ӘУЕ КҮШТЕРІ ЖАҢА ҰШАҚТЫ СЫНАҚТАН ӨТКІЗДІ

Қазақстанның Әскери-әуе күштері жаңа А-400М ұшағын игеру және ұшуды жетілдіру бойынша қарқынды жаттығулар өткізуде. Бұл ұшақ еуропалық Airbus Military авиаконцернінен Қазақстан әскерінің қажеттіліктері үшін жеткізілген жаңа буын әуе кемелерінің қатарында.

Қазақстан Қорғаныс министрлігі мен еуропалық компания арасындағы келісімшарт тек ұшақ жеткізумен шектелмей, ұшу және инженерлік персоналдарды оқыту, сондай-ақ техникалық қолдау көрсету шараларын да қамтиды. Осы орайда, алғашқы ұшу оқу-жаттығулары Алматы авиациялық базасында Airbus Military мамандарының қатысуымен жүзеге асырылды. Әскери экипаж Алматы–Талдықорған бағыты бойынша және кері қайту маршрутында ұшу жаттығуларын орындады.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері мен десантты-шабуылдау әскерлері басқармасы әуе-десанттық дайындық бөлімінің аға офицері, подполковник Руслан Берікұлы Шажалиев, А-400М ұшағының Қазақстан қарулы күштері үшін стратегиялық маңызын атап өтті:

– Бұл ұшақ ең алдымен Қазақстан Республикасының қарулы күштеріне арналған, себебі заманауи қарулы күштерге жедел әрі тиімді шешім қабылдайтын құралдар қажет. А-400М ұшағының жүк көтеру қабілеті жоғары және жеке құрамды десант әдісімен немесе қону әдісімен тасымалдауға мүмкіндік береді. Мәселен, бір уақытта 120 десантшыны тасымалдай алады. Сонымен қатар, бұл ұшақ әртүрлі техника мен қару-жарақты, оның ішінде шағын және шектеулі алаңдарда қажетті жүктемелерді тасымалдауға қабілетті. Оның ең үлкен артықшылығы – арнайы дайындалған ұшу-қону жолағын талап етпейді.

Ұшақ ұзындығы небары 900 метр болатын топырақ немесе дайындалған алаңдарда да ұша алады. Осыған байланысты біз бұл ұшаққа десантты-шабуылдау әскерлерінде қолданылатын парашют жүйелерін бейімдеу жұмыстарын бастадық, – дейді.

(Жалғасы 5-бетте)

МІНБЕР

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ ҚҰРЫЛМАҚ

Бұл тіліміздің барлық стилдері мен жанрларының мәтіндерін қамтып, оларды өңдеу, генерациялау және талдау үшін жасанды нейрондық желіге негізделген тіліміздің сөздік қорына қолжетімділікті қамтамасыз ететін ақпараттық-танымдық жүйе болмақ. Жоба толық іске асса, Терминкомның тізімін теріп, сөздіктер ақтарып отырмайсыз, ұлттық сөздік қор қазақ тілінің бас анықтамалығы сияқты болады. Бұл қазақ тілінің бай лексикалық құрамын жүйелеуге, сақтауға, зерттеуге мүмкіндік береді және цифрлық ортада қолданылу аясын ерекше арттырады.

Парламент Сенатының жалпы отырысында мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мәдениет, білім беру және тәлімгерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның негізгі жаңалығы осы болып отыр.

Бұл құжат Сенат депутаттарының бастамашылығымен дайындалыпты. Жиында құжатты қорғаған сенатор Алтынбек Нұқұлының айтуынша, аталмыш түзетулер, қазақ тілін мәдени құндылық ретінде әрі қарай дамытуға мүмкіндік беріп, мемлекеттік тіл ретінде мәртебесін нығайтады. Ал, заңның бастамашыларының бірі сенатор Әсем Рахметованың айтуынша, Ұлттық сөздік қор мен Ұлттық тіл корпусының құрылуы арқасында лексикалық қор жүйеленетін болады. Жасанды интеллект негізінде қазақ тілінің үлкен тілдік моделі (LLM) әзірленіп, мұнымен айналысатын арнайы ұйым белгіленеді. Бүгінгідей озық цифрлық технологиялар дамыған уақытта аталған жаңашылдық ерекше маңызға ие.

Халық қалаулылары бұл корпустың қаншалықты тиімді жұмыс істейтіндігін және ұлттық сөз қорын құрумен кім айналысатындығын білгісі келді. Олардың сауалына жауап беру барысында Ғылым және жоғары білім вице-министрі Ахмет-Заки Дархан Жұмаханұлының сөзінен түйгеніміз, 3-4 жылдан бері Ұлттық тіл корпусы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты аясында қалыптастырылып жатыр екен. Оған қажетті қаржы да бөлінген. Соның арқасында бүгінде 120 миллионнан астам сөз қолданысқа енгізіліпті. Бұл ретте қазақ тілінің бүкіл орфографиялық ережелері ескерілді. Сондықтан Ұлттық сөз корпусы еліміздегі ең таза әдеби тұрғыда қалыптасқан сөздік қоры деп есептеледі.

Келесі қадам ұлттық тілдің нейрондық моделін құру. Бұл қалыптасқан сөздік қордағы жиналған сөздік қорды пайдаланып, үйретуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда бұған да қаржы бөлініп, қажетті іс шаралар жүзеге асып жатыр. Игілікті іске консорциум негізінде біршама университеттер атсалысуда. Ұлттық сөз корпусының операторы осы жұмысты 3-4 жылдан бері атқарып жатқан Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы.

Ал, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі өкілінің айтуынша, қазақ тілінде жұмыс істейтін жасанды интеллектіні дамыту бұл шарадағы ең негізгі қадамдардың бірі. Былтыр жылдың аяғында өзіміздің ұлттық тілдің үлкен моделі әзірленді. Осы жылдың аяғына дейін 50-ден астам жасанды интеллект көмекшілер әзірленетін болады.

Қаралған құжат бойынша сонымен қатар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған тәлімгерлік институтын реттеу үшін «тәлімгерлік жөніндегі ұйым» ұғымы енгізіледі.

(Жалғасы 3-бетте)

2-бет

Негізсіз баю бойынша істерді қарау тәжірибесі

5-бет

Әуежайлар әлеуеті жоғары

8-бет

«LION SHADOW» КӨКЕ...

САРАП

НЕГІЗСІЗ БАЮ БОЙЫНША ІСТЕРДІ ҚАРАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Құқықтық мемлекетте азаматтардың бәрі тең. Ешкімнің құқығы мен бостандығының бұзылуына, мүддесінің тапталуына зайырлы мемлекетте жол берілмейді. Біздің елімізде де заң мен тәртіп – барлық азаматқа ортақ. Заңның тиянақты, құзырлы құрылымдардың жұмысы үйлесімді болғанымен, ала жіпті аттайтын, өзгенің есебінен күн көріп, материалдық жағдайын жақсартуды мақсат ететіндер қоғамда аз емес. Әсіресе, соңғы уақытта ғаламтордың игілігін теріс пайдаланушылар негізсіз баюдың түрлі амалын іске асырып жатыр.

Лунара МУРАТҚАНҚЫЗЫ, Ақсуат аудандық сотының төрағасы

Негізсіз баюдан туындайтын міндеттеме түсінігі Азаматтық кодекстің 953960 баптарында жан-жақты қарастырылған. Олар міндеттемелердің дербес түрі саналады. Соның ішінде Азаматтық кодекстің 953-бабында негізсіз баюға қатысты заңды тетіктер ажыратылған. Осы бапқа сәйкес заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті.

Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай кейінгі жылдары негізсіз баюға қатысты талап қоюлар саны өскен. Әсіресе, елімізде ұялы телефонды қолдана отырып жымысқы ойын жүзеге асыратын алаяқтар артқан. Олардың қолданатын әдісі де соншалықты күрделі емес. Қалайда жеңіл табысқа қол жеткізгісі келген алаяқтар ұялы байланыстың көмегіне сүйене отырып жәбірленушілерді алдау, көмек берем деп ынталандыру, соңы жаман болады деп қорқыту арқылы өздеріне қаржылық пайда түсіріп келген. Осы жағдайлардың өзі құқық бұзушылардың адамның жан-дүниесін, мінезінің осал тұсын, психологиялық қыр-сырын терең меңгергенін аңғартса керек.

Теріс пиғылды тұлғалар телефон байланысын пайдаланып банк қызметкері, құқық қорғау органының өкілі, сатып алушы, жедел жәрдем қызметінің дәрігері, Ұлттық қауіпсіздік қызметкері ретінде таныстырып, әртүрлі сылтаулармен төлем картасы бар азаматтан құпия ақпаратты алдап біліп алады немесе банктік шотпен белгілі бір әрекеттерді жасауға ынталандырады. Жақынының қауіпсіздігіне алаңдаған, өзінің қаржысынан айырылып қаламын деп қорыққан жандар алаяқтың жетегінде кеткенін білмей де қалады. Тек өзінің атынан несие рәсімделгенін, шотындағы сомалардың жоқ боп кеткенін білгенде ғана сан соғып, құзырлы органдарға шағымдануға мәжбүр болады.

Мысалы Абай облысы Ақсуат ауданының сотында жәбірленуші Е.Ж.-ның талап-арызы қаралды. Сот отырысында белгілі болғандай, азаматшаға бөтен нөмірден қоңырау шалынып, тұтқаның арғы жағындағы адам алаяқтардың мұның атынан несие ресімдегенін, бұған жол бермеу үшін телефонға қауіпсіздік бағдарламасын орнату керек екенін айтып, нұсқама береді. Ақыры бағдарламаны орнаттырып, бірнеше рет суретке түсіргеннен кейін жылы қоштасады. Ал ертесі күні жәбірленуші «Қазақстан Фридом Банкінен» өзінің атына 1 млн (бір миллион) теңге қарыз ресімделгенін біледі.

Жәбірленушінің арызы негізінде тергеу органдары Қылмыстық кодекстің 190-бабы 2-бөлігі 1, 4-тармағы бойынша жауапкер Б.Қ.-ның үстінен қылмыстық іс қозғаған. Сонымен бірге азаматша Е.Ж. жауапкер Б.Қ-дан заңсыз аударылған өзінің ақшасын өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінген еді. Негізсіз байыту сомасы ретінде 1 млн теңге мөлшеріндегі қаражат танылды. Мұндай талаптың қойылуына анықталмаған тұлғалардың талапкерге қатысты алаяқтық әрекет жасағандығы, соның нәтижесінде ақшалай қаражат Б.Қ-ның төлем картасына түскені көрсетілген. Банк анықтамасында дәйектелгендей, Б.Қ. төлем картасына түскен соманы өз қалауымен жұмсаған.

Алайда, сот барысында жауапкер өзіне тағылған айыппен келіспеді. Мұны ол «Қазақстан Фридом Банкі» АҚ-да ешқашан шотының жоқтығымен түсіндірген. Ал банк өкілі 2023 жылғы 2 ақпанда талапкердің шотынан жауапкердің шотына 1 млн теңге ақша аударылғанын растады. Азаматтық кодекстің 953-бабының 1-тармағына сәйкес, заңнамада немесе мәміледе белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа адамның есебінен сатып алған немесе сақтаған (негізсіз байытылған) адам (сатып алушы), бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, негізсіз сатып алынған немесе жинақталған мүлікті соңғысына қайтаруға міндетті. Азаматтық кодекстің 953-бабы 3-тармағына сәйкес, негізсіз байыту мүлікті сатып алушының, жәбірленушінің өзі немесе үшінші тұлғалардың мінез-құлқының нәтижесі не оқиғаның салдары болғанына қарамастан қолданылады.

Негізсіз байытуды өндіріп алу туралы істерді сот отырысында қарағанда талапкерге жауапкердің мүлікті сатып алу немесе сақтау фактісін дәлелдеу міндеті, ал жауапкерге – мұндай мүлікті сатып алу немесе сақтау үшін заңды негіздердің бар-жоғын не заңға байланысты негізсіз байыту қайтарылуға жатпайтын мән-жайлардың бар-жоғын дәлелдеу міндеті жүктеледі. Жауапкер өзіне тиесілі шоттың жалғыз иесі болғандықтан, түскен ақшаны өз қалауы бойынша жұмсағаны дәлелін тапқандықтан, жауапкершілікке тартылады. Осы қолдағы деректер мен мән-жайларды зерделей келе сот жауапкер заңнамада немесе мәміледе белгіленген негіздерсіз талапкердің есебінен 1 млн теңге сомасында негізсіз байытылған деп есептеп, тиісінше негізсіз сатып алынған немесе жинақталған мүлікті қайтаруға міндеттелді.

Міне, бұл мысал алаяқтардан әрдайым сақ болу керектігін ұқтырады.

АБАЙ ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде жаңа сот сатысы – кассациялық сот қолданысқа енеді. «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» заңына 2024 жылдың 5 шілдедегі заңмен үлкен өзгерістер енгізілді. Онда жаңа сот сатысы – кассация енгізілген.

ЖАҢА СОТ САТЫСЫ – КАССАЦИЯ

Кассациялық сот туралы 2023 жылғы 12 қыркүйекте еліміздің бизнес-қоғамдастығының өкілдерімен кездесу болып, Президентіміз дербес кассациялық инстанция құру мәселесіне тоқталған болатын. Бұл өзгеріс барлық іс санаттарының кассациялық тәртіпте қайта қаралуына мүмкіндік жасау үшін енгізілді. Осы өзгеріске дейін кассациялық сот сатысы Жоғарғы Соттың құрамында болды. Барлық істерді кассациялық сатыда қайта қарауға мүмкіндік болмады. Өйткені, оның қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарының түрлері бар.

Атап айтқанда, азаматтық істер оңайлатылған іс жүргізу тәртібінде қаралса, іс татуласу рәсімімен аяқталса, жеке тұлғалар үшін талап қою сомасы 2000 айлық есептік көрсеткіштен кем болса, заңды тұлғалар үшін 30 000 айлық есептік көрсеткіштен кем болса бұндай істер кассацияда қаралмайтын. Қылмыстық істерден қылмыстық теріс қылық жасау бойынша қаралған істер кассацияда қаралмады. Ал, соңғы өзгеріске орай кассациялық сот сатысы Жоғарғы Соттың құрамында емес, дербес болады.

Кассациялық сот:

1) сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды;

2) сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындысы бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды;

3) заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жаңа сот сатысы 2025 жылы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша құрылып, апелляциялық сот алқасының қабылдаған актісі негізінде істерді қайта қарайды. Бұл реформа сот жүйесінің тиімді жұмыс жасауына, сонымен қатар, адам мен оның өмірі, құқығы мен бостандығының сақталуына барынша ықпал жасауға, сотқа деген сенімді одан әрі нығайтуға кепіл болады деген сенімдеміз.

Айтжан ДОСМАГАМБЕТОВА, Махамбет аудандық сотының төрағасы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын студенттермен бірге оқып, талқылап шықтық. Мұнда емен-жарқын сұхбаттардың халыққа берері көп.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖАСТАР

Себебі, біріншіден осы әрекетімен Мемлекет басшысы халыққа жақын екенін, елдің көңілінде жүрген сауалдарға тыңғылықты, ашық жауап беруге қашанда әзір екенін көрсетеді. Ең бастысы, елдің атынан барып отырған журналист көпшілікті алаңдатқан, азаматтардың ойында жүрген мәселелерді Президентке нақты, дұрыс жеткізіп, сауалдарға толымды жауап ала білсе болғаны. Өзіміз байқағандай, бұл сұхбатта журналистің де жан-жақты дайындалғаны, Мемлекет басшысының да әр мәселеге кең қолтық жауап бергені аңғарылады.

Екіншіден, осылай жұрт алдына шығып сұхбат беру арқылы Мемлекет басшысы барлық құзырлы орган жетекшілеріне оң үлгі көрсетеді. Қауырт жұмысына, мемлекеттің қат-қабат мәселелеріне қарамастан халық өкілдерімен тілдесуге Президенттің уақыт табуы басқа басшыларды да ойлантуы, халыққа жақындатуы керек деп ойлаймын.

Үшіншіден, бұл сұхбат бұған дейін атқарылған істерге баға беріп, келер күнгі бағат-бағдарды айқындауға мықты өлшем. Шындығында бұл сұхбатта көптеген маңызды мәселелер таразы басына салынған. Әсіресе, әділетті Қазақстан құрудың негіздері, заң мен тәртіп, сонымен бірге цифрландыру бағытындағы іс-шаралар жан-жақты айтылған. Президент таяу жылдарда жасанды интеллект өте қарқынды дамып, жұрттың өмір туралы ұғымын, тіпті тұрмыс-тіршілігін де түбегейлі өзгертетінін айтты. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жастарға мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жасанды интеллект технологияларын қолдана білуді үйрету маңызды. Былтыр еліміздің 15 университетінде Google компаниясының жасанды интеллект жөніндегі курстары енгізілді. Осы саланың мамандарын даярлау үшін арнайы бағдарлама әзірлеу мәселесі пысықталып жатыр» деп атап өтті. Сонымен бірге сұхбатта жастардың білім алуына, оларды қолдауға мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалатынын тілге тиек етті.

Яғни, мемлекет жастарға қамқорлық көрсетуге, қолдауға әзір. Тек соны жастар түсініп, өз игілігіне жарата білсе болғаны.

Мөлдір МӘЛІККЫЗЫ, ҚазҰАУ-дың аға оқытушысы

БЕЗБЕН

ЗАҢГЕРЛЕР КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

Заңгерлік мамандыққа қызығушылық қай кезде де жоғары болған. Ең беделді, ең табысты мамандықтар көшінің басында да үнемі заңгерлер тұрады. Содан болар, өмірге қадам басқан жастардың көпшілігі полиция сапында қызмет етсем, прокуратурада бағымды сынасам, судья болып әділ төрелік жасасам деп армандайды.

Онлайн сот отырыстарын көргеннен кейін адвокат болуға, заңгерлік көмек керсетуге ынталылардың көбейгені байқалады. Бұдан бөлек, білікті заңгерлер оқу орындарында, ірі кәсіпорындарда, халықаралық келісімдер жасауда да өзінің біліктігімен заңдық көмегін көрсетіп, ел игілігіне жарап жүр. Құжаттандыру, сот актілерін орындау саласын да биікке көтеріп, халықтың талап-тілегін орындап жүрген мамандардың басым бөлігі заңгерлер екенін айта кеткеніміз жөн. Ендеше, білікті, сауатты, кәсібін жетік меңгерген заңгерлер қоғамға ешқашан көптік етпейді.

Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында талапкерлерді көбірек тарту мақсатында орта арнаулы, жоғары оқу орындарының көпшілігі заңгерлік факультеттерін ашқаны белгілі. Оның барлығы бірдей талапқа сай келмегені шындық. Бірінде оқу базасы ақсап жатса, бірінде заңгерлерді сапалы дайындайтын кадрлар кемшін еді. Уақыт бәсекелестіктің барлығын өз орнына қоятыны рас екен. Бүгінде сол заңгер дайындайтын білім ордаларының көпшілігі жабылған. Қазір уақыт сынынан өткен, азаматтардың талап-тілегіне сай дамыған заңгерлер мектебі ғана жұмыс істеп жатыр. Олардың барлығының оқу бағдарламасы бойынша да, тәжірибе тұрғысынан да арқа сүйеп, ақыл-кеңес алатыны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультеті екені еш талас тдырмайды.

ҚазҰУ-да заң саласының теориялық негізін қалауға үлес қосқан, осы салада зерттеу жүргізіп жүрген білікті ғалымдар еңбек етеді. Сонымен бірге, заң факультетіне сот, прокуратура, адвокатура, заң шығармашылық саласында терең тәжірибесі бар, өз саласы бойынша шеберлігін дәлелдеген, елге танымал мамандар арнайы шақырылып, студенттерге дәріс оқиды. Теория мен тәжірибені қатар меңгеріп шыққан шәкірттеріміздің ертең қызметке араласқанда ештеңеге алаңдамай, өз ортасына, өз жұмысына тез бейімделіп кететіні анық.

Біздің факультетте небір заң корифейлерінің қызмет еткені тарихтан белгілі. Сұлтан Сартаев, Майдан Сүлейменов, Ғайрат Сапарғалиев, Арықбай Ағыбаев сынды мықты академик, профессорларымыздың дәрістерін тыңдауға сырттан талай студент, практиктердің келгенін көзіміз көрген. Осындай майталмандардың ізін жалғаған небір ғалымдар қазір заң саласы бойынша айтулы оқулықтардың жазылуына бастамашы болып келеді. Сондықтан заң факультетінде білім алған, тәжірибесін шыңдаған шәкірттерімізге қай салада болсын сұраныс жоғары. Біз тиянақты білім, тағылымды тәрбие беріп қана қоймай, шәкірттеріміздің өз саласынан орын табуына әрдайым қолдау көрсетеміз. Өйткені, білім ордасының бағасы түлектердің жеткен жетістігімен өлшенеді.

Махаббат НАКИШЕВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

XXXII Қысқы Универсиада: ҚАЗАҚСТАН АЗИЯДАҒЫ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

17-мен 25 жас аралығындағы студент спортшылар қатысатын бұл байрақты бәсеке мәртебесі жағынан спорттық жарыстар ішінде Олимпиада ойындарынан кейін екінші орында тұр. Сол себепті 96 медаль жиынтығы сарапқа салынған жарысқа 57 елдің 2 мыңнан астам үміткері қатысты.

Жалпы командалық есепте 57 елдің ішінен 18 алтын, 8 күміс, 14 қоламен Франция құрамасы жеңімпаз атанды. 8 алтын, 6 күміс, 6 қола медалі бар Корея Республикасы екінші орынды, 8 алтын, 3 күміс, 4 қоламен Финляндия 3-орынға, 7 алтын, 8 күміс, 4 қоламен Жапония 4-орынға ие болды. Ал 3 алтын, 4 күміс, 7 қоламен Қазақстан 12-орыннан көрінді. Бұл байрақты бәсекеде еліміз бұрынғы кеңестік республикалар арасында Украинадан (10) кейінгі ең жоғары нәтижеге жетті.

Биылғы Қысқы Универсиада ойындарында Қазақтан құрамасының қаһарманы фристайлшы Анастия Городко болды. Ол могул мен параллель могулда ел қоржынына 2 бірдей алтын жүлде салды. Ол осы жарыстың алдында Алматыда өткен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында күміс жүлдегер атанған еді. Ал үшінші алтынға биатлоншы Никита Акимов 10 шақырымдық жарыста ие болды.

Күміс жүлдегерлер арасында да бұл жолы оза шапқандар бар. Ол парашаңғышы Денис Зинов. Отандасымыз классикалық бір шақырымдық жарыста және жеке 10 шақырымдық еркін стильдегі жарыста қос бірдей күмістің иегері атанды. Келесі «күмісті» фристайлшы Антон Бондарев пен Аяулым Әміренова әкелді. Бір қызығы Универсиаданың қола жүлдегерлері арасында бір өзі екі рет үздіктер тұғырына көтерілген спортшылар болды. Мәселен, жекелей сында шаңғышы Роман Курбанов, ал командалық сында шорт-трекшілер Дінмұхамедалдияр Тәжібай мен Валерий Клименко аралас эстафеталық және командалық жарыста қола жүлдегер атанды.

Бұдан бөлек жекелей сында биатлоншылар Кирилл Бауэр мен Арина Крюкова, мәнерлеп сырғанаушы София Самоделькина үздіктер қатарынан көрінді. Ал ерлер арасындағы командалық сында – Санжар Жанисов, Алишер Абулкатимов, Валерий Клименко, Айбек Темірхан, Дінмұхамедалдияр Тәжібай және аралас эстафета бойынша Алина Ажгалиева, Малика Ермек, Яна Хан, Валерий Клименко, Дінмұхамедалдияр Тәжібай ел қоржынына түскен қола жүлденің иелері атанды.

Еліміз 2023 жылы АҚШ-та өткен XXXI Қысқы Универсиадада 3 алтын, 4 күміс, 4 қоламен 43 елдің арасынан 11-орын алған еді. Ал Ұлттық құраманың ең жоғарғы көрсеткіші 2017 жылы Алматыда болған жарыста тіркелген болатын. Онда 11 алтын, 8 күміс, 17 қоламен жалпыкомандалық есепте екінші орын алғанбыз.

Осы арада биылғы Қысқы Универсиада ойындарында қысқы спорттан әлемдегі ірі державалар саналатын Норвегияның -13, Қытайдың-16, Канаданың -18, Ұлыбртанияның -19, АҚШ-тың - 23, Нидерландының -24. орын алғанын да айта кеткен жөн шығар. Ал көршілес және Орталық Азиядағы Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Иран, Әзірбайжан сияқты елдерде мүлде медаль жоғын ескерсек көрсеткішіміз бір сатыға төмендегенмен, нәтижеміз әлі де көңіл қуантады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ШАРАПАТ

Астанада жыл сайын отбасыларға берілетін балалар саны артып келеді. Соның арқасында елордадағы интернат мекемелеріндегі балалар саны соңғы үш жылда 35 пайызға азайған. Бұл көрсеткіштерге жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасыларға орналастырудың баламалы тәсілдерін дамыту бойынша жүйелі жұмыстың арқасында қол жеткізілді.

ЖЕТІМ БАЛАЛАР ҚАМҚОРЛЫҚ АЯСЫНДА

Қазіргі таңда елордада 800-ден астам жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрады, олардың 170-ке жуығы – интернат мекемелерінде.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен өмірлік қиын жағдайдағы балаларды анықтау ведомствоаралық өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады. Мұндай жағдайлар туралы білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, атап айтқанда, үйде қызмет көрсету қызметтері, полиция инспекторлары және жеке тұлғалар қорғаншылық және қамқоршылық органына хабарлайды. 2024 жылы Астанада 230-ға жуық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала анықталып, есепке алынды. Анықталған балалардың 85 пайызы патронаттық отбасыларға беріліпті.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының мамандары балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында күнделікті сот процестеріне қатысады. Мәселен, былтыр 1300-ден астам осындай сот процестері өтті. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта мамандар балаларды тәрбиелеуге, асырап алуға, қарым-қатынас тәртібін айқындауға, балалардың тұрғылықты жеріне, ата-ана құқығынан айыруға және шектеуге, балаларды іріктеп алуға байланысты мәселелер бойынша, басқа соттарда (қылмыстық, экономикалық, әскери, азаматтық істер бойынша ауданаралық, апелляциялық сатыдағы, әкімшілік) мәселелер бойынша отырыстарға қатысады, онда кәмелетке толмағандардың мүдделері қозғалады.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
АСТАНА

ОРТАҚ МҮДДЕ

ШЫМКЕНТТЕ ЖАҢА НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Жуырда Шымкент қаласында екі бірдей нысан пайдалануға берілді. Балалардың бос уақытын тиімді пайдаланып, спортқа баулу мақсатында ашылған нысандарда жасөспірімдерге спорт түрімен шұғылдануға қолайлы жағдай жасалған. Жаңа нысандардың ашылуына қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысты.

Атап өтер болсақ, Шымкентте №15 Жекпе-жек түрлерінен кешенді олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ашылды. Мегаполис басшысы жаңа ғимаратты аралап, спорт мектебінің қызметкерлерімен кездесті. Сонымен қатар осындай маңызды жобаларды жүзеге асыру жастар арасында спортты дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Айта кету керек, спорт мектебі республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізген майталман спортшыларды тәрбиеледі. Олардың арасында Елена Шалыгина мен Софья Берульцева бар.

до, кикбоксинг, каратэ, самбо және фитнес сабақтарына арналған алты мамандандырылған зал кіреді.

Шаһарда жаңа Оқушылар сарайы пайдалануға берілді. Нысан Тұран шағын ауданында орналасқан. Ғимараттың жалпы ауданы – 9 881,9 шаршы метр. Балалардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған орын бір ауысымда 500 орынға лайықталған. Заманауи талапқа сай бой көтерген жаңа нысанды қала әкімі аралап шықты. Шаһар басшысы өскелең ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына қолайлы жағдай жасау басым бағыттардың бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ жауаптыларға жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды тапсырды.

Әкімдік ұсынған мәліметке сүйенсек, жаңа қосымша білім беру мекемесінде 7 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың қосымша білім алуына барлық жағдайлар жасалған. Оқушылар үшін бассейн, интерактивті кітапхана, керамика үйірмесі, 3D-модельдеу және Lego кабинеттері қарастырылған. Биотехнологиялық және гуманитарлық блоктарда балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін фотостудия, бейне студия және журналистика үйірмелері де бар.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ

МІНБЕР

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫ ҚҰРЫЛМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ тәлімгер болуға үміткер адамдардың тәлімгерлік бойынша оқытудан міндетті түрде өтуі негізделіп, тәлімгерлік бойынша оқытуды ұйымдастыратын ұйымдардың құқықтары мен міндеттері айқындалды. Бұдан басқа, білім беру саласындағы уәкілетті органның өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру жөніндегі құзыреті белгіленеді.

Бүгінде елімізде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 77 білім беру ұйымында 2962 бала тәрбиеленіп жатыр. Алайда оларда тек 330 тәлімгер бар. Сенатор Әсем Рахметованың айтуынша, заңда қарастырылған өлшемдер осы балаларымыздың құқығын қорғаудағы тағы бір сәтті қадам. Алайда, тәлімгерлік бойынша оқытатын ұйымдардың қалай жасақталып, оларды кімдер бақылайтындығы алаңдатады. Заң жобасында белгіленген талап бойынша бұл жұмыспен коммерциялық емес мекемелер шұғылданады екен. Олар кімдер және бәрінің біліктілігі талапқа сай ма? Сенаторлар құзырлы орын өкілінен осы сауалға жауап алғысы келді.

Оқу-ағарту вице-министрі Наталья Жұмаділдаеваның айтуынша, тәлімгерлерді таңдауды қамтамасыз ететін 2 ұйым бар екен. Бірі республикалық «Балаларды қолдау» ұйымы. Екіншісі 2013 жылдан бері жұмыс істеп, осы жобаны табысты түрде жүзеге асырып келе жатқан «Дара» коммерциялық емес мекемесі. Бұл ұйым тиісті заңдық өлшем қабылданған 2024 жылға дейін 2285 балаға тәлімгерлік көрсетіпті. Бұлар қомқоршылыққа да алынбаған, асырауға да берілмеген балалар. Осы құжат бойынша қарастырылған норма аталмыш ұйымның 10 жылдан астам уақыт жасап келген жұмысына негізделіп ұсынылыпты. Заң қабылданса, осы нормативтерге сүйеніп, тәлімгерлікке ынта танытқан ұйымдар тізімі жасалады. Олардың сапасына қатысты да нақты талаптар заң жүзінде айқындалған.

Жаңа құжатта сонымен қатар дарынды оқушыларды мемлекеттік қолдау және олардың ғылыми қызметін ынталандыру үшін халықаралық ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне конкурстан тыс мемлекеттік білім гранттарын беру жөніндегі өлшем да бар. Палата отырысын жүргізген Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, халықаралық олимпиадалар мен конкурстарда жеңіске жеткен дарынды оқушыларға «Болашақ» бағдарламасы арқылы үздік шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу мүмкіндігі қарастырылды. Заң бойынша халықаралық ғылыми жобалар мен олимпиадалардың жеңімпаздары жоғары оқу орындарына гранттар иеленіп, «Болашақ» бағдарламасы аясында бакалавриатқа түсе алады. Бұл шаралар жастардың білімге ұмтылысын арттыруға, болашағынан ерекше үміт күттіретін, өзгеше ойлап, ертеңіне сеніммен өсіп келе жатқан дарынды жастарымызды қолдауға бағытталған.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

Ел Конституциясында адам құқығы мен бостандығына кепілдік берілген. Ешкімді азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды. Алайда, соңғы уақытта адамның ар-намысына, тәніне қаскөйлікпен озбырлық жасау фактілері жиілей түсуде. Тіптен осы індеттің отбасы-тұрмыстық қатынас саласында көбейгені өкінішті. Оның артында теңдік, кемсітпеушілік, ерік білдіру және өзін-өзі қорғауды жүзеге асыру сияқты көптеген мәселе жатыр.

ЖАЗАНЫ ҚАТАҢДАТУ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КӨТЕРЕДІ

2024 жылы 15 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды. Аталған өзгерістерге сай Қылмыстық кодекс 98-3-баппен толығып, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленді. Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамның мінез-құлқына 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге психологиялық көмек көрсетуді көздейтін ерекше талаптар қолданылады.

Сонымен қатар, зорлық-зомбылықта қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген кезде жәбірленушіні және отбасы мүшелерін күзету және қорғау үшін сот ерекше жағдайларда 30 тәулікке дейінгі мерзімге зорлық-зомбылық қолданып қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға жәбірленушімен бірге тұруға тыйым салу түріндегі құқықтық ықпал ету шарасын қолдануға құқылы. Бұл ретте сотталған адамның не оған қатысты сотқа дейінгі тергеу тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылған адамның мінез-құлқына қойылатын ерекше талаптардың қолданылу мерзімі кезінде оған айына бір реттен төртке дейінгі профилактикалық әңгімелесу үшін ішкі істер органдарына әкелу міндеті жүктелуі мүмкін екендігі ескеріледі.

Сонымен қатар, кодекс 108-1, 109-1-баптарымен толықты. ҚК-нің 108-1-бабы бойынша денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алуға жазаланады. Ал, екі немесе одан да көп адамға; аса қатыгездікпен, сол сияқты кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі не кінәлі адамға материалдық жағынан немесе өзгеше түрде тәуелді адамға қатысты жасалған; адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған осындай әрекет үшін жауаптылық тіпті қатаң.

Осы санаттағы істер бойынша Қызылорда қаласының №2 сотына 2024 жылдың 12 айында 9 іс қаралып, оның 5-еуі бойынша жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық іс қысқартылды. 1 іс прокуратураға кері қайтарылған. 1 іс бойынша сотталушыға іздеу жарияланған. Сот үкімімен 2 іс бойынша қоғамдық жұмысқа тарту, 1 іс бойынша 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салу түріндегі жаза тағайындалды.

ҚК-нің 109-1-бабында, яғни, дене ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтірмеген ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеті үшін 80 АЕК мөлшерінде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмысы не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тарту не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы көзделген. Бұл санат бойынша Қызылорда қаласының №2 сотында былтыр 27 іс қаралып, оның 14-і бойынша жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық іс қысқартылса, 4 іс бойынша қоғамдық жұмысқа тарту, 6 іс бойынша айыппұл салынды.

Яғни, ұрып-соғып, денсаулығына зиян келтірген адамға берілетін жаза қатаң. Соның нәтижесінде қоғамда жиі орын алып жатқан келеңсіз жайттарға тосқауыл қойылып, жауаптылықтың артатынына сенім мол.

Т.ТЕМІРБАЕВ,
Қызылорда қаласы №2 сотының судьясы

ПАЙЫМ

СУДЬЯ КӨМЕКШІСІ – ҚАЖЕТТІ БАСТАМА

Әділетті Қазақстан құру – бүгінгі мемлекеттің басты бағдары. Ал мұндай межеге жету үшін заң мен тәртіп қатаң сақталып, қоғамның әділдікке, теңдікке деген сенімі нығаюы керек. Әділдікке деген сенімді орнықтырудың бір кілті – сот шешімдерінің сапасымен, туралығымен, нақтылығымен байланысты. Осы мақсатта қазақстандық сотта жыл сайын түрлі реформалар қолға алынып, көптеген жобалар мен тың бастамалар тәжірибеге енгізіліп келеді. Судья көмекшісі институты да көптен бері шешімін таппай келе жатқан, көп талқысында жүрген өзекті мәселенің бірі.

Жалпы, судья көмекшісі институтын құру, жұмысын жандандыру бойынша іс-шаралар бұған дейін де көпшілік назарына ұсынылған. Оның заңдық тетігі Азаматтық процестік кодексінен де орын алды. Кезінде осы бағытта ізденістер жасалып, судья көмекшісі пилоттық жоба ретінде кейбір соттарда жүзеге асқан болатын. Міне, осы үзіліп қалған жобаны қайта жандандыратын уақыт келді. Бұл мәселе 2024 жылы өткен республика судьяларының XIX съезінде көтеріліп, соған қатысты тәжірибелі судьялар оң пікірлерін ортаға салуда.

Шын мәнінде, судья көмекшісі институтының артықшылығы аз емес. Бұл институтты қолданысқа енгізу ең алдымен судьялардың жұмысын жеңілдетеді. Өйткені, бүгінде сот өндірісіндегі істер мен материалдардың уақыт өткен сайын артып бара жатқаны мәлім. Құқықтық мәселелердің сот алаңында шешілгені заңды болғанымен, жүктеменің көптігі судьяларға үлкен салмақ. Шамадан тыс жүктеме түрлі қателіктерге жол ашуы мүмкін. Осы ретте судья көмекшісі институтының енгізілуі қазыларды көптеген көзге көріне бермейтін ұсақ жұмыстардан құтқарар еді. Судья көмекшісі сот актілерінің (шешім, ұйғарым, қаулы) жобаларын дайындауға көмектескен жағдайда, судьяның аса күрделі істерді қарау ісіне мұқият көңіл бөлуіне мүмкіндік туады. Сот актілерін жазудан қолы босаған судья заңнама жаңалықтарын сараптау, қолданыстағы сот тәжірибесін қарап, зерттеу мәселесін қолға алады.

Судья көмекшісі институты өмірін сот саласымен байланыстырып, судья болуды армандаған жандар үшін кәсіби қабілетін жетілдіруге берілген үлкен мүмкіндік. Сонымен қатар, республика соттарында шешімін таппай келе жатқан бос вакансиялар орнын сауатты, сапалы мамандармен толықтырудың таптырмас тетігі. Әрине, сот жұмысының қыр-сырын меңгеріп, білім ордасында алған теориялық білімін тәжірибе барысына терең шыңдаған, білікті судьялардың тәлімін көрген көмекшілерден ертең мықты судья шығарына сенім мол.

Судьялардың көмекшілерін тек техникалық жұмысты орындай алатын қызмет көрсету персоналы ретінде қабылдауға болмайды. Олар істің қолда бар материалдарын дұрыс талдай білуі, нормативтік-құқықтық құжаттарды іріктеу мен талдауды кәсіби түрде жүзеге асыра білуі тиіс. Судья көмекшісінің сот отырысы хатшысынан айырмашылығы, көмекші процестің қатысушысы болмай, судьяның кәсіби функцияларын орындауына өз жұмысымен жәрдемдесуі тиіс. Және судья көмекшісі істі қарауға дайындау бойынша негізгі жұмысты орындауы керек. Осы тұрғыдан алғанда судья көмекшісі институтын енгізу – бүгінгі заманның талабы.

Шолпан ИСМАГАМБЕТОВА,
Меркі аудандық сотының судьясы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІГІ КӨБЕЙДІ

Елордамыз Астанада Жедел жәрдем қызметінің сапасын арттыру үнемі назарда. Бұл сала үшін маңыздысы жеткілікті көлік саны және оның техникалық қуатында болуы. Қала әкімі Жеңіс Қасымбековтің айтуынша, биыл 47 автокөлік сатып алыныпты.

«Жедел жәрдем қызметкерлері тұрғындарымызға алғаш болып медициналық көмек көрсетеді. Олардың жұмысы өте ауыр әрі жауапты. Дегенмен, тұрғындар тарапынан жедел медициналық жәрдем станциясының жұмысына, әсіресе станцияның автопаркіне негізделген шағымдар түседі. Мәселен, жедел жәрдем станциясының автопаркі 146 автокөліктен тұрады. Олардың бір бөлігі жөндеуді қажет етеді. Биыл автокөлік санын арттыру үшін 47 жедел жәрдем машинасы сатып алынды.

Мемлекет басшысы денсаулық сақтау жүйесін дамыту, дәрігерлерге жан-жақты қолдау көрсету мемлекеттің басым міндеттерінің бірі екенін ерекше атап өтті. Елорда әкімдігі алдағы жылдары Астанада бірқатар денсаулық сақтау нысанын, оның ішінде перинаталдық орталықтар, емханалар, көпбейінді ауруханалар, олардың бірі – балалар ауруханаларын салуды жоспарлап отыр.

А. ҚҰРМАНҒАЛИ,
АСТАНА

ПАЙЫМ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛЫ

Мемлекеттік тіл – еліміздің егемендігі мен біртұтастығының нышаны, ұлттық мәдениет пен руханияттың тірегі. Сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғау үдерісін жеңілдетеді және олардың сотқа деген сенімін арттырады. Мемлекеттік тілде талап арыз беру азаматтарға өз ойын еркін жеткізуге, өз құқығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Заң терминдерінің мемлекеттік тілде түсінікті әрі нақты жеткізілуі азаматтар үшін қолжетімді құқықтық кеңістіктің қалыптасуына ықпал етеді.

Соттар мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында жүйелі түрде жұмыс жүргізуі тиіс. Бұл бағытта сот қызметкерлеріне тілдік курстар ұйымдастыру, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуді қамтамасыз ету және мемлекеттік тілде заң терминологиясын жетілдіру басты назарда болуы қажет. Азаматтарға мемлекеттік тілде сотқа жүгінудің маңызын түсіндіру үшін ақпараттық шаралар өткізу кезек күттірмейді. Мемлекеттік тілдің сот ісін жүргізуде басымдыққа ие болуы үшін сот қызметкерлерінің осы тілде еркін жұмыс істей алуы міндетті.

Ал азаматтар сотқа, басқа органдарға, заңгерге не медиаторға барғанда, алдымен мемлекеттік тілде сөйлесіп, сол тілде жауап алуы керек. Өз ойын өз тілінде жеткізу әркімге оңай. Мысалы, азаматтар заңгерге өз тілінде талабын айтса, заңгер де оған мемлекеттік тілде қажетті түсіндірме беріп, құқықтық көмек көрсетсе, сот алдында өз мүддесі үшін жеңіске жету оңай болар еді.

Сот шағымдар мен арыздар қай тілде түссе, істі сол тілде жүргізеді. Мысалы, тергеуші қылмыстық істі орыс тілінде бастаса, сот іс жүргізу тілін қазақ тіліне ауыстыра алмайды немесе арыз орыс тілінде берілсе, іс жүргізу де сол орыс тілінде жүргізіледі. Сондықтан сот процесіне қатысушы әрбір азамат арызды қай тілде беруіне байланысты мемлекеттік тілге деген жанашырлығын да білдіреді. Осы ретте, әрбір мемлекеттік мекеме басшыларынан талап арыздары мен іс қағаздарын тек қана мемлекеттік тілде жолдауына ықпал етуін сұрар едік.

Соттар мемлекеттік тілде жұмыс жүргізуде ел Конституциясын, «Тіл туралы» заңды, сондай-ақ «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» заңды басшылыққа алады. Бұл заңдарда мемлекеттік тілдің мәртебесі, оны қолдану тәртібі және қоғамдағы рөлі айқындалған. Сонымен қатар, сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамытуға қатысты Жоғарғы Соттың нұсқаулары мен ұсыныстары да маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік тілдің мүддесін қазіргі қолданыстағы заңдарға сүйеніп, заңды жолмен қорғау – бүгінгі күн талабы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мемлекеттік тілді білу – әрбір азаматтың парызы. Бұл – елдің бірлігі мен тұтастығының кепілі», – деді. Сондықтан сот жүйесі мен заң саласында мемлекеттік тілді қолдану тек ресми талап қана емес, сонымен қатар, әрбір құқық қорғаушының ел алдындағы жауапкершілігі деп түсінуіміз керек. Мемлекеттік тілді кеңінен қолдану арқылы біз әділ, ашық әрі қолжетімді сот жүйесін құрып, ел азаматтарының құқығын қорғауға жаңа серпін береміз.

А.САПАРКУЛОВ,
Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПІКІР

ТҮЙІН ЖЕРДЕ – СӨЗ ТАПҚЫШ

«Қиын жерде – жол тапқыш, Түйін жерде – сөз тапқыш» дегендей, тіл адамға жол бағыттайды. Тілдің құдіреті шексіз. Ойындағы, қиялындағы нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын. Сөзден сөз шығару әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың бәрі бірдей жақсы бола бермейді.

Тіліміз сөзге бай. Соны ауызекі тілдескенде ғана емес, құжаттар дайындауда да сауатты қолдана білгеннен ұтарымыз көп. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің іс жүргізу бағытына да тоқтала кетейік. «Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу» кітабында «Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екені аян. Сондықтан Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатыны мемлекеттік тілді меңгеру әрбір Қазақстан Республикасы азаматының парызы болып табылады» делінген. Кітапта қазақ ресми іс қағаздарының қалыптасу кезеңдерінің тарихы «Жеті жарғы» туралы да түсініктеме берілген. Онда: «Жеті жарғы – Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды данагөй билердің қатысуымен жазылған көшпелі қазақтардың ел билеу заңы» екені көрсетілген. Сонымен қатар «Ресми құжатқа тән белгілер: мазмұнының қысқа әрі тұжырымды баяндалуы; тұжырымдардың дәл, нақты болуы; сөздер мен терминдердің нақты тура мағынасында пайдаланылуы; терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі; терминнің қолдану жиілігі; жоғары қалыптасқан мазмұндық-құрылымдық нормалардың қатаң сақталуы» делінген. Сонымен қатар әр сала бойынша жасақталған термин сөздіктерді пайдалана отырып, қысқа сөздің ішіне ойды толық жеткізу арқылы хат алмасулар мекеме мамандарының жоғары біліктілігін көрсететіні сөзсіз.

Г.ХОДЖАБЕКОВА,
Маңғыстау облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

ТӘЖІРИБЕ

ӘСКЕРИ-ӘУЕ КҮШТЕРІ ЖАҢА ҰШАҚТЫ СЫНАҚТАН ӨТКІЗДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Подполковник Шажалиевтің айтуынша, Қазақстанның Қарулы күштері бұған дейін пайдаланылып келген С-295 ұшағында парашют жүйелерін сәтті бейімдеген. Бұл жүйелер тек жеке құрамды ғана емес, сонымен қатар жүктің әрқилы түрлерін – жүк парашюттерін де қолдануға мүмкіндік береді. Осы тәжірибе негізінде А-400М ұшағына да осындай жүйелерді бейімдеу жоспарлануда:

Руслан ШАЖАЛИЕВ, Десанттық-штурмдық әскерлер басқармасы қолбасшысының әуе-десанттық дайындық бөлімі бойынша аға офицері, подполковник

– Біз бұл ұшаққа да жеке құрамның парашюттік жүйелерін және жүк тасымалдауға арналған парашюттік жүйелерді толық бейімдеп, жеке құрамды және жүктемелерді тастауға пайдаланатын боламыз. Бұл, әсіресе, ПГС, УПДММ, ПДММ сияқты арнайы жүктемелерді және техниканы десанттауға арналған.

А-400М ұшағын толық бейімдеу жұмыстары қазірдің өзінде басталды. Жақында Талдықорған қаласында «Арлан» техникасын ұшаққа бекіту және тасымалдау сынағы сәтті өтті. Бұл сынақ техниканы парашют әдісімен немесе қону әдісімен десанттаудың мүмкіндігін дәлелдеді. Подполковниктің айтуынша, алдағы уақытта нақты десанттау жұмыстары жүргізіледі:

– 2025 жылы біз жеке құрамды десанттауды бастаймыз. Бір рейсте 120 десанттшыны десанттау жоспарланып отыр. Мұндай ауқымды жұмыс Қазақстанның қорғаныс қабілетін жаңа деңгейге көтеріп, әскердің стратегиялық міндеттерін орындауда шешуші рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері 21751 әскери бөлімінің командирі, полковник Абдымажит Джанахметов А-400М ұшағының Талдықорған аэродромында оқу-жаттығу ұшуларының өтуіне қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, Талдықорған аэродромы заманауи талаптарға сай және мұндай деңгейдегі әуе кемелерін қабылдауға толықтай дайын.

– А-400М ұшағының оқу-жаттығу ұшулары Алматы қаласының маңындағы Талдықорған аэродромында өткізілуі кездейсоқ емес. Алматы әуежайы тұрақты түрде

Абдымажит ДЖАНАХМЕТОВ, 21751 әскери бөлімінің командирі, полковник

жүктемесі жоғары болғандықтан, жоғары басшылық Талдықорған аэродромын пайдалануға шешім қабылдады. Бұл жерде ұшу алаңының техникалық жағдайы толық талаптарға сай. Ұшу-қону жолағы жақында ғана жөнделіп, барлық параметрлері заманауи ұшақтарды қабылдауға мүмкіндік береді. Ұзындығы мен сапасы оқу-жаттығу ұшуларына да, үлкен көлемдегі жүктемелерді тасымалдауға да лайықты, – деді полковник.

– Ұшақ қазір ұшу және қону, айналым бойымен ұшу, сондай-ақ маршруттық жаттығуларды орындауда. А-400М 2024 жылдың 5 желтоқсанында Қазақстанға келгеннен кейін бірден Талдықорған аэродромында жаттығулар басталды. Өткен аптада бұл ұшақтың мүмкіндіктері тексерілді: екі БТР және екі «Арлан» бронетехникасын жүктеп, Балқаш аэродромына барып-қайту операциясы сәтті аяқталды. Бұл ұшақ өзіне жүктелген барлық міндеттерді толықтай орындап шықты, – деп толықтырды ол.

Талдықорған аэродромының ұшу-қону жолағының қазіргі жағдайы ерекше атап өтуге тұрарлық. Полковниктің айтуынша, ұшу жолағы соңғы рет 10 жыл бұрын жөнделгенімен, бүгінгі күнге дейін мінсіз жағдайда.

– Ұшу-қону жолағының сапасы өте жоғары деңгейде. Жолақтың жағдайы алғашқы жөндеуден кейінгі күйіндей керемет сақталған. Біз аэродромды ұдайы күтіп-ұстауға және техникалық қызмет көрсетуге баса назар аударамыз, – деп атап өтті полковник Абдымажит Джанахметов.

БІЛІКТІ МАМАН ДАЙЫНДАУ – МІНДЕТ

– Бүгін оқу-жаттығу ұшулары өткізілді, соның ішінде командирлер мен екінші пилоттарды дайындау жұмыстары жүргізілді. Бұл процесс тұрақты түрде жалғасуда. Соңғы үш ай ішінде біз Airbus компаниясымен бірлесіп жұмыс жасап келеміз. Олар бізге ұшақтың барлық мүмкіндіктері мен сипаттамаларын жан-жақты көрсетуде. Техника жаңа болғандықтан, біз оқу-жаттығу ұшуларын жиі өткізуге тырысамыз, – деді подполковник Асылбек Жұмабаев.

Асылбек ЖҰМАБАЕВ, Әскери-көлік авиациясының авиациялық эскадрильясының арнайы отряд командирі, подполковник

А-400М ұшағының алғашқы сынақтары барысында Балқаш, Ақтау және Атырау қалаларына ұшу жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Талдықорған аэродромында бірқатар оқу-жаттығу ұшулары орындалған. Подполковниктің айтуынша, қазіргі уақытта екі экипаж дайындықтан өтіп үлгерген.

– Екі экипаж дайындалды, бұл ұшақ тоқтап қалмауы үшін қажет. Бірінші экипаж демалысқа кеткенде, екінші экипаж әрдайым дайын болады. Экипаж құрамына үш адам кіреді: экипаж командирі, командирдің көмекшісі және жүктеу мен түсіру жұмыстарын жүзеге асыратын маман – жүктеу шебері, – дейді ол.

Подполковник Жұмабаев ұшқыштарды оқыту процесі ерекше назарды талап ететінін атап өтті:

– Біз әрқашан дайындық деңгейін жоғары ұстаймыз, ұшақтың жаңа немесе бұрыннан пайдаланылып келе жатқаны маңызды емес. Ұшқыштар үшін кез келген техника бастапқыда күрделі болады, бірақ бұл олардың кәсіби деңгейін көтереді. А-400М ұшағы көпфункционалды және заманауи техника ретінде ерекше көзге түседі. Кабинасы жоғары технологиялық құрылғылармен жабдықталған. Оның көлемі мен жүк көтеру мүмкіндігі әсерлі: бір рейсте 7,5 тоннаға дейінгі жүкті тасымалдай алады, ал жанармай сыйымдылығы 50 тоннаға тең.

ИСПАНИЯДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ ТӘЖІРИБЕ

Ұшқыштар жаңа ұшақты игеру мақсатында Испанияның Севилья қаласында үш айлық оқудан өтті. Бұл оқу барысында ұшқыштар мен экипаж мүшелері Airbus компаниясының мамандарымен жұмыс істеп, тәжірибе жинақтады.

– А-400М – бұл тек жаңа ғана емес, сонымен қатар заманауи ұшақ. Біз Испанияда оқып, Airbus мамандарының басшылығымен практикалық дағдыларымызды жетілдірдік. Қазіргі уақытта экипаждарымыз осы ұшақпен ұшуды жетік меңгеруде. Ұшақтың төрт қозғалтқышы бар, бұл оның ерекше мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, – деді подполковник Жұмабаев.

А-400М ұшағы Қазақстанның әскери-көліктік авиациясының әлеуетін арттыруға арналған маңызды қадам.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

ТАҒЗЫМ

МАЙДАНГЕРЛЕРДІ ҰМЫТПАУЫМЫЗ КЕРЕК

Алматы қаласында Екінші дүниежүзілік соғыстың батырларын ұлықтап, олардың өшпес ерлігін еске алу мақсатында салтанатты рәсім өтті.

Айтқали ИСЕНҒҰЛОВ, ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, генерал-майор

Шара барысында 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақтағы Даңқ мемориалы алдында жиналған көпшілік Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойып, сұрапыл соғыс жылдарында қаза тапқан қаһармандарымыздың рухына тағзым етті. Дәстүрге сай, еске алу рәсімі бір минут үнсіздікпен басталды. Бұл мезетте соғыс құрбандары мен майдан даласынан оралмаған жауынгерлердің асқақ рухына тағзым етілді. Маңызды шараға Қорғаныс министрлігінің басшылығы, Алматы гарнизонының әскери қызметшілері, әскери оқу орындарының курсанттары, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері, сондай-ақ Қарулы Күштердің ардагерлері мен қала тұрғындары қатысты.

ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, генерал-майор Айтқали Исенғұлов өз сөзінде бүгінгі рәсімнің тарихи маңызына тоқталып, ұрпаққа үлгі болатын батыр бабалардың есімін мәңгі есте сақтау – баршамыздың азаматтық парызымыз екенін атап өтті.

«Армияда ең бастысы – патриот сарбаз тәрбиелеу – біздің міндетіміз. Ол – ең қиын сынақтардың да, ең зор жеңістердің де тірегі. Сондықтан бүгін Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сияқты біртуар батырларымызды, сондай-ақ жанқиярлықпен көзге түскен басқа да қаһармандарды еске алуымыз қажет. Қазақ жерінен 500-ден астам азамат Совет Одағының Батыры атағын иеленді. Біз оларды және барша майдангерлерімізді қай жерде жүрсе де ұмытпауымыз керек», – деді ол.

Осы күні Қорғаныс министрлігінің өкілдері ерлігімен танылған ардагер Федор Блиновтың үйіне барып, мерейтойымен құттықтады. Биыл 10 қаңтарда 101 жасқа толған майдангер соғыс жылдарының естеліктерімен бөлісіп, бейбітшіліктің баға жетпес құндылық екенін атап өтті.

Қорғаныс министрлігінің Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің бастығы, полковник Тлеухан Басқожаев:

«Біз батырларымыздың ерлігін қастерлейміз. Майдангерлерді қамқорлыққа алу, оларға ерекше құрмет көрсетіп, жанқиярлық еңбегі үшін алғыс айту – біздің азаматтық міндетіміз», – деп атап өтті.

Ресми ақпаратқа сүйенсек, бүгінгі таңда Алматы қаласында Ұлы Отан соғысының 25, ал республика бойынша 120 ардагер тұрады. Қорғаныс министрлігі өкілдерінің айтуынша, оларға тұрақты түрде зиярат ету, тұрмыстық көмек көрсету және шынайы әңгімелесу – өскелең ұрпаққа патриоттық рух пен тарихи жадыны аманат етудің тиімді жолы. Ұрпақтар сабақтастығы сақталғанда ғана Ұлы Отан соғысының батырлық шежіресі мәңгі өмір сүрмек. Алматыда бастау алған осы іс-шаралар легі алдағы уақытта да жалғасын тауып, ардагерлердің даңқты жолын насихаттап, Жеңістің 80 жылдық мерейтойын лайықты деңгейде атап өтуге ұмтылады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ, «Заң газеті»

ИГІ ІС

ӘУЕЖАЙЛАР ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Президенттің тапсырмасына сәйкес Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі курорттық аймақтарында үш жаңа әуежайдың құрылысы қолға алынды. Бұл жобалар ішкі туризмді дамытуға және әуе жолаушылар тасымалын жетілдіруге бағытталған.

Әуежайлардың салынуы аталған аймақтардың экономикасын нығайтып, туристер ағымын көбейтеді. Құрылыс жергілікті тұрғындарға қосымша жұмыс орындарын ашпақ. Сонымен қатар 2024 жылы ірі түйіндік хабтарды дамыту мақсатында әуе көлігі инфрақұрылымын жаңғырту аясында бірқатар жұмыс атқарылды. Мысалы, үш жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілді. Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында жолаушылар терминалының өткізу мүмкіндігі артты. Алматы қаласы Халықаралық әуежайында жаңа терминалдың өткізу мүмкіндігі жылына 2,5 млн-нан 14 млн жолаушыға дейін ұлғайды. Отандық авиакомпаниялар «Air Astana», «SCAT», «Qazaq Air», «FlyArystan» Қазақстанның 19 қаласына тұрақты ұшып тұрады. Халықаралық әуе қатынасын әлемнің 26 елінде 50 бағытта 30 шетелдік авиакомпания орындайды.

Шымкент қаласы әуежайының жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі – жылына 800 мыңнан 6 млн жолаушыға дейін. Жаңа терминал халықаралық әуе бағыттарының санын 10-ға, рейстерді апта сайын 24-ке дейін арттырды. Джидда, Медина (КСА), Доха (Қатар), Фукуок (Вьетнам) және Пхукетке (Таиланд) әуе қатынасы ашылды. Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайының өткізу мүмкіндігі жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін өсті. Бүгінде Қызылорда қаласынан 25 ішкі рейс орындалып жатыр. «Skyhansa» қазақстандық-германдық компаниясымен «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында көптеген жоба басталды. Мысалы, қуаты сағатына 500 адамға дейінгі жолаушылар терминалын, сыйымдылығы 550 мың тоннаға дейінгі отын қоймасын, жүктерді 250 мың тоннаға дейін толық өңдейтін жүк терминалы салынады. Сондай-ақ әуе кемелеріне қызмет көрсететін авиациялық-техникалық орталық құрылмақ. 300-ден аса тұрақты жұмыс орнын құра отырып, туристік және сауда, ойын-сауық қызметтерін дамыту жоспарланған. Кейінгі жылдары әуе көлігі жолаушыларға ыңғайлы әрі тартымды болуға тырысып жатыр. Жылдан-жылға әуе тасымалы 10-15%-ға арта түскен.

2024 жылы отандық авиакомпаниялар 15 млн-ға жуық адамды тасымалдады, әуежайлар 30 миллион жолаушыға, оның ішінде шетелдік авиакомпаниялар мен азаматтарға қызмет көрсетті. 2024 жылы жүк тасымалы көлемі жылына 28 мың тоннаға ұлғайды. Отандық әуе тасымалдау жүйесін дамытудағы маңызды элемент – ұшақтар паркін жаңарту. Ол жыл сайын 10-15 әуе кемесімен толықтырылады. Бүгінде еліміздің авиапаркі 102 ұшақты құрайды.

Қазақстанның халықаралық әуежайларында ана мен балаға арналған бөлмелер, валюта айырбастау пункттері, пошта байланысы және сымсыз интернет сияқты қызметтер қарастырылған. Сонымен қатар, онлайн тіркеу процесін жеделдету үшін бірқатар әуе компаниялары мобильді қосымшаларды енгізді. Бұл қызметтер барлық азаматтар үшін сапа мен қолжетімділікті жақсартуға бағытталған.

Жолаушылар әуе тасымалдарының көрсеткіші өсіп, маршруттар санының артуы ішкі және шетелдік туризмнің дамуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде ел аймақтарының инвестициялық тартымдылығын арттырады. Қазақстан авиациясының дамуы мен халықаралық деңгейде танылуы ұшу қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Бүгінгі таңда елімізде ұшу қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі 82%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш ТМД елдері арасында ең жоғары деңгейде және Дания мен Польша сияқты Еуропа елдерімен теңестіріледі.

А. ӘУБӘКІР
ШЫМКЕНТ

АЙМАҚ

ТҰРҒЫНДАР КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ ИГІЛІГІН КӨРУДЕ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің мәліметі бойынша, жыл басында Түркістан облысындағы табиғи газбен қамтылғандар саны 563-ті құрады. Егер өңірде 807 елді мекен бар екенін ескерсек, олардың 69,7 пайызы көгілдір отынға қол жеткізіп отыр деген сөз. Ал ондағы тұрғындардың жалпы саны 1 833 455-ті немесе өңір халқының 85,5 пайызын құрайды. «Түркістан облысы бойынша табиғи газбен қамтамасыз етудің 2023–2027 жылдарға арналған іс-шара жоспары» бойынша облыс халқы 2027 жылы табиғи газбен 100 пайыз қамтамасыз етілетін болады. Яғни, алдағы бірнеше жылда 244 елді мекеннің 311 мың тұрғыны да көгілдір отынның игілігін көреді. Сондықтан облыс әкімі Нұралхан Көшеров тұрғындарды сапалы инфрақұрылыммен қамту жұмыстары сараланып, алдағы жоспарлар талқыланған жиында жауапты басқарма мен коммуналдық мекемелердің басшыларына және аудан, қала әкімдеріне нақты міндеттер жүктеді.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Мұздыбековтің сөзіне қарағанда, 2025 жылы 47 газдандыру нысанының құрылысы іске асырылады. Оның ішінде 25 нысанның құрылысы биыл аяқталса, қалған 22 нысан құрылысы келесі жылы іске асады. Ал басқармада газбен қамту бөлімінің басшысы Қуаныш Өмірәлиевтің айтуынша, биыл 244 елді мекеннің 53-не газ беріледі.

Жалпы, Қазақстанда халықты газдандыру деңгейі 2020 жылы 53,07 пайызды, 2022 жылы 59 пайызды құраған болатын. ҚР Энергетика министрлігінің мәліметі бойынша, 2024 жылы республикада 1 700 шақырымнан астам газ құбыры салынып, 300 мыңнан астам азамат көгілдір отынға қол жеткізді.

Р. НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БОРЫШ

ӘСКЕР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

ҚК Бас штабының ұйымдастыру-жұмылдыру департаментінің тапсырмасына сәйкес 2024 жылы көктемгі және күзгі шақырулар бойынша Абай облысына Отан алдындағы әскери азаматтық борышын өтеуге 1402 адамға наряд берілген болатын. Облыстық Қорғаныс департаментінің басшысы Руслан Омаровтың айтуынша, Абай облысынан былтыр 1422 азамат азаматтық борышын өтеуге аттанды. Яғни, жоспар 101,4 пайызға орындалып отыр.

«Облысымыз әскерге шақыру жоспарын табысты орындап, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл облыс әкімшілігі мен жауапты мекемелердің үйлесімді жұмысының нәтижесі. Бірақ әлі де шешуді қажет ететін мәселелер бар. Олар бойынша нақты шаралар қабылданып, келесі науқанда үздік нәтижелерге жету көзделуде», – деді полковник Руслан Омаров облыс әкімінің орынбасары Димитрий Гариковтың жетекшілігімен 2024 жылғы әскерге шақыру науқанының нәтижелері қорытындыланған жиында. Онда қол жеткізілген көрсеткіштер ғана айтылып қоймай, түйткілді мәселелер де талқыланды. Сондай-ақ оларды шешу үшін заманауи диагностикалық жабдықтар сатып алу, медициналық комиссияларды оңтайландыру және олардың жұмысын орталықтандыру, қаржы үнемдеу мақсатында жаңа технологияларды қолдану сияқты шараларды қолға алу ұсынылды.

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан хабарламаға қарағанда, былтыр Семей қаласынан әскерге 1800 азамат шақырылып, олардың барлығы да азаматтық борышын өтеуге аттанған. Бұл облыс орталығының әкімі Талғат Мұратовтың Семей қаласының қорғаныс істері басқармасына жұмыс сапарымен барып, әскери комиссариаттың жұмысымен танысуы кезінде айтылды.

Е. КЕБЕКБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қазақстанда саябақтарының саны жағынан ешбір қала Шымкентпен теңесе алмайды. Ал еліміздің 17 облысы мен республикалық маңызы бар үш қаласының ішінде ол саябақ саны жағынан Түркістан облысынан кейін екінші орында тұр.

САЯБАҒЫ КӨП ҚАЛА

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, республикада 2023 жылы 230 саябақ болса, оның 25-і Шымкентте орналасқан. Ол елімізде Түркістан облысынан (27) кейін екінші орында тұр. Одан кейінгі орында Астана (22), Алматы (21) қалалары мен Қарағанды облысы (18) орналасқан.

Шымкент 2018 жылы республикалық маңызы бар қала мәртебесін алған кезде бұл шаһарда 13 саябақ болатын. Оның саны 2019 жылы – 15, 2020 жылы – 18, 2023 жылы – 25-ке жетті. Қаладағы ашық аспан аясындағы саябақ алаңының көлемі 249 гектарды құрайды. Бұл жағынан ол Алматы (1040,4 га), Астана (316,9 га) қалалары мен Қарағанды облысынан (277,7 га) кейін 4-орында тұр. Ал үй-жайда орналасқан саябақ алаңы жағынан 18877,6 шаршы метрмен 5-орында.

Шырайлы Шымкенттің саябақтары туралы сөз болғанда ауызға ең алдымен Қазақстандағы ең алғашқы дендросаябақ саналатын Асанбай Асқаров атындағы дендросаябақ ілігеді. Ол 1979 жылы құрылған бұл саябақтың аумағы – 117 га. Ол Қазақстан және Орта Азия зонасы, Еуропа, Қырым, Кавказ, Қиыр шығыс, Сібір, Шығыс Азия және Солтүстік Америка көшеттерін өсіруге арналған көшеттерді өсіретін 5 флористикалық аймаққа бөлінген. Дендросаябақта әртүрлі географиялық аймақтардың флорасына жататын шөптесін өсімдіктердің ағаш пен бұталы түрлерінің 560 түрі өседі. Олардың арасында Дінмұхамед Қонаев, Асанбай Асқаров, Жазылбек Қуанышбаев, Ыбырай Жақаев, Нұрсұлтан Назарбаев, Шерхан Мұртаза сынды біртуар азаматтардың өз қолымен отырғызған ағаштары да бар.

Қала тұрғындары мен қонақтары көп жиналатын саябақтың екіншісі – «Жайлаукөл» саябағы. Онда Шымкенттің келбетін 50 метр биіктен тамашалай алатын «Shymkent altyn eye» деп аталатын үлкен айналмалы атракцион бар. Атракционда қыста жылытып, жазда салқындататын арнайы жабдықтар орнатылған 18 жабық кабина бір мезетте 108 адамға қызмет көрсете алады.

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап ашылған «Тәуелсіздік» саябағы да көпшіліктің сүйікті орны. Оның орта тұсында «Ел бірлігі» монументі орын тепкен. Саябақта сондай-ақ, 2009 жылы салынған еліміздің картасы бейнеленген ҚР Мемлекеттік рәміздері алаңы бар. Онда 50 метр биіктікте көлемі 8 х 16 болатын Туымыз желбіреп тұр.

Қала аумағындағы бұдан басқа этносаябақ пен «Қиял әлемі», «Абай», «Орталық», «Кең баба», «Жеңіс», «Қошқар ата», «Наурыз», «Қарасу» деген сияқты және жаңадан салынып жатқан тағы бірнеше саябақтар бар.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

БӘРЕКЕЛДІ

ЖАҢА ӨНДІРІС ОРНЫ АШЫЛДЫ

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Рахым Сәбденов ауылында сағатына 3 мың литр минералды ауызсу шығаратын өндіріс орны іске қосылды. Зауыттың ашылу рәсіміне аудан әкімі Ернар Есіркепов пен ауыл тұрғындары қатысты.

Бұл жобаға «Парус-Т» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 200 млн теңге инвестиция салған. Ол екі кезеңде жүзеге асырылды. Алдымен 2023 жылы құрылыс жұмыстары толық аяқталып, қажетті құрал-жабдықтар сатып алынған болатын. Былтыр қытайлық мамандар кәсіпорынды іске қосу жұмыстарын аяқтады. Құрылыс жұмыстарына 30 адам тартылған. Өндіріс іске қосылғаннан кейін 15 тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарланған. Жаңа өнідіріс орнында өндірілген минералды ауызсу «Бай тал» атауымен нарыққа шығарылады.

Жалпы, қазіргі таңда Т. Рысқұлов ауданында жалпы құны 16,1 млрд теңгені құрайтын 20 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар 500 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ЗЕРТТЕУ

СЕНІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ АНЫҚТАЛДЫ

Ұлттық статистика бюросы 2024 жылдың қазан-қараша айларындағы «Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі» туралы іріктемелі зерттеуінің нәтижесін жариялады.

Онда құқық қорғау органдары арасында ең жоғары сенімге өртке қарсы қызмет (80,4%) ие болды. Одан кейінгі орындарды прокуратура, полиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі бөлісті. Ал сот жүйесіне сенетіндер 62% құрады.

Мәселен, сот жүйесінің органдарына респонденттердің сенімділік дәрежесіне жас ерекшелігі бойынша көз жүгіртер болсақ сенетіндер 25-29 жастағылар арасында (64 %), сенбейіндер 40-44 жастағылар арасында (3,8%) көбірек. Сенетіндердің ең азы 60-80 жастағылар да (56,1%), сенбейтіндердің ең азы 20-24 жастағылар (1,4 %) тіркелді. Ал жынысы бойынша әйелдер арасында сенетіндер 61,4%, сенбейтіндер 2,6 %. Ерлер арасында сенетіндер 62,6%, сенбейтіндер 2,9 % болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша сұралғандардың 64,9% өздері тұратын ауданда өзін толық қауіпсіз сезінетінін білдірді. Ал 29% жеткілікті қауіпсіз, 5,2% қауіпсіз емес, 0,7% мүлдем қауіпсіз емес және 0,2% жауап беруге қиналамын дегенді айтты.

Жалпы, «Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі» зерттеуі жылына екі рет жүргізіледі. 2025 жылғы алғашқы зерттеу сәуір-мамыр айларында жасалып, оның нәтижесі 17 шілдеде жарияланатын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – МІНДЕТ

Түркістан облысы Полиция департаменті Кентау қалалық полиция бөлімінде 2024 жылдың жұмысы қорытындыланды. Кеңеске бөлімнің барлық жеке құрам қызметкерлері қатысты.

Жиында өткен жылдағы тәртіп сақшылары атқарған жұмыстың нәтижелері қаралды. Кентау қалалық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Еркеғали Мейрбеков кешенді профилактикалық және жедел іс-шаралар туралы толыққанды баяндама жасады.

Қалалық полиция бөлімінің бастығы ішкі істер органдарының міндеті – тәртіп сақшылары мен халық арасындағы өзара іс-қимылды жандандыру, полиция қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау екенін жеткізді. Сонымен қатар, баяндамашы шаһардағы қылмыстық ахуал және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Полиция полковнигі Еркеғали Ізбасарұлының сөзіне қарағанда Кентау қаласында өткен жылдың 12 айында 284 қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, 2023 жылдың есептік мерзімімен салыстырғанда қылмыс саны біршама төмендеген. Қылмыстың ашылым көрсеткіші алдыңғы жылмен салыстырғанда 71,4 пайызға жоғарылаған. Жүргізілген профилактикалық жұмыстардың арқасында бірқатар қылмыс түрлері төмендеген.

Жалпы, автокөлікті заңсыз иемдену – 80 %, тонау – 36,6 %, бөтеннің мүлкін ұрлау – 38,6 %, мал ұрлығы – 100 %, алаяқтық – 8,9 %, отты қарумен жасалған қылмыс – 100 пайызға азайған.

– Біздің басты міндет – сапалы қызмет, халықпен етене жақын болып, қылмыстардың себептері мен жағдайларын анықтау және олардың алдын алу шараларын қабылдау. Егер бүгін біз сіздермен бірге қылмыс жасағандармен бірігіп күреспесек, тек полицияның көмегімен қалаған нәтижеге жету қиынға соғады. Бұл тұрғыда қоғамдық құқық қорғау құрылымдарымен, соның ішінде волонтерлік қозғалыстармен бірлескен жұмыстар жүргізілуде, – деп атап өтті ол.

Оның айтуынша 12 айда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жолын кесу, болдырмау және тағы басқа да жағдайлардың алдын алу мақсатында, «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ», «Бала тәрбиесі – баршаның ісі», «Ерте жүктілік», «Электрондық темекінің (вейп) зияны» «Ұлтаралық қақтығыс» және «Менің отбасым – сыйластық орнаған ортам» атты тақырыптарда ата-аналар, мұғалімдер мен мектеп оқушыларының қатысуымен консультациялық кеңестер, тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізіліп, халық көп шоғырланатын жерлерде брошюралар таратылып, түсіндірме жұмыстар жүргізілді және де тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйел, балалармен жұмыс жасалды. Онда Кентау қалалық «Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу орталығына жалпы 8 азаматша жатқызылды.

Алаяқтық қылмысы бойынша 12 айда 133 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Қылмыстың саны алдыңғы жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 8,9 пайызға төмендеген.

«Қауіпсіз қала» атаулы бағдарламасы шеңберінде қалада «Түнгі рейд» өткізілді. Кентау қаласы Полиция бөлімінің қызметкерлері мен қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен қала жастары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен нашақорлықтың алдын алу және кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің түнгі мезгілдерде көшелер мен қоғамдық орындарда беймезгіл жүруін болдырмау мақсатында түнгі рейдтік жұмыстар кешенді түрде жүргізіліп отырады.

Кентау қалалық полиция бөлімі, прокуратура және қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Есірткісіз жарқын болашақ» форумы өткізілді. Онда қоғамда белең алып отырған мәселелер жайында сөз қозғап, жастарды бұндай жаман әдеттерден аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар, Пробация қызметімен бірлесіп өзара іс-қимыл жұмыс атқару мақсатында есепте тұратын барлық сотталған азаматтарды жинап, олардың сауалдарына заңды жауап беріліп, құқықтық көмектер көрсетілді. Жаңадан қылмыс жасауының алдын алу мақсатында тұрғылықты мекенжайларына түнгі уақытта тексеру жұмыстары жүргізіліп, олармен профилактикалық сұхбаттар жасалды.

Көші-қон қызмет саласына келер болсақ, жалпы жыл басынан қала аумағында заңсыз көші-қонның жолын кесу бойынша «Мигрант», «Нелегал», «Наемник» және «Құқықтық тәртіп» жедел профилактикалық іс-шаралары өткізіліп 715 әкімшілік хаттама толтырды, былтырғы жылға қарағанда 6,8 пайызға жоғарылаған. Елу алты шетел азаматы елден шығарылған.

Жиын соңында полиция полковнигі балалар қауіпсіздігі, алаяқтық қылмыстар мен жол көлік оқиғаларының алдын алу шараларын күшейту жолында алдағы уақытта бірқатар жұмыстардың атқарылатынын атап өтті. Сондай-ақ бірнеше бағыт бойынша жұмыстар жасалмақ. Қалалық полиция бөлімінің бастығы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тұрғындар тыныштығын сақтауда жұмысты жандандыруға атсалысатынын жеткізді.

– «Біз тәртіп сақшылары – азаматтарға сапалы полиция қызметтерін көрсетіп, халықпен тығыз байланыс жасай отырып, қауіпсіздік мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстарды атқарудамыз. Басты қағида: қоғамның полиция қызметіне деген сенімін жоғарылата отырып, бұқарамен жақындастыру, патриотизмді насихаттау, – деп өз сөзін қорытындылады Еркеғали Ізбасарұлы.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

2. «ТСК Секьюрити» ЖШС (БСН 060940012096) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Көкарна көшесі, 7-үй, 1-пәтер.

3. «Объединение Производителей Зерна «Костанай-ЭКСПОРТ» ЖШС (БСН 150340021141) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Баймагамбетова көшесі, 160-үй, 12-кеңсе.

8. «TS production» («ТС продакшн») ЖШС (БСН 110640004750) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Қапал көшесі, 8/1 үй, Промышленный ауылы, тел. 87772287636.

9. «Феникс центр НС» ЖШС-нің Павлодар қаласындағы филиалы (БСН 010341002678) (Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 135/1 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Кравцов көшесі, 2-үй, 13-пәтер, тел. 87172285757.

10. «Микрофинансовая организация «Жәрдем АС» ЖШС (БСН 040940001868) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы, Жібек Жолы көшесі, 80А үй, тел. 87017426324.

11. «Ор-Авнер» Еврей этномәдениетін толығынан танытатын білім беру-оқу тәрбиелік кешені» жеке меншік білім мекемесі (БСН 990840001645) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Клочков көшесі, Жамбыл қиылысы, 28/191.

15. «А-Берік» Өндірістік кооперативі (БСН 970340007107) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылдық округі, Темірлан ауылы, Ш.Уәлиханов көшесі, 14/1 үй, пошта индексі 160050.

18. «Бекес» АӨК (БСН 231140024921) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Ақжол ауылы, О. Ердешов көшесі, 36-үй, тел. 87780739079, 87078192379.

19. «ТехноНИКОЛЬ-құрылыс жүйелері» ЖШҚ өкілдігі (БСН 221142042324) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Талғар қаласы, Амангелді көшесі, 110, тел. 87075815151.

ӘРТҮРЛІ

16. Жарқайың ауданының «Жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, (БСН 241240002252) Жарқайың ауданының «Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Мир көшесі, 78 мекенжайында хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Байланыс телефоны: 8 (71648) 9-23-87.

17. Хабарландыру
Арнайы құқыққа жатқызылған ұлттық оператордың қызметтеріне арналған бағаларды талқылау бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті ұлттық оператордың арнайы құқық шеңберіндегі қызметтеріне арналған бағаларды бекіту бойынша жоспарланған қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тыңдауды ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті. Мекенжай: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 89.

Қоғамдық тыңдау 2025 жылғы 17 ақпанда сағат 15:00-де ZOOM бағдарламалық қосымшасы арқылы өтеді.

3) Мемлекеттік монополия субъектісінің атауы: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС.

4) Талқыланатын қызмет түрлері/жұмыстар: «Транзит» ақпараттық жүйесі арқылы навигациялық пломбаларды пайдалана отырып тасымалдарды бақылау бойынша қызметтер көрсету.

5) Уәкілетті мемлекеттік органның байланыс деректері: ҚР ЦДИАӨМ АҒК мекенжайы: Астана қ., Тұран даңғылы, 89. https://www.gov.kz/memleket/entities/kazcosmos

Байланыс тұлғасы: А.К. Саликов +7 7172 64 75 26;

6) Арнайы құқық субъектілері өкілдерінің байланыс деректері: «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС, Алматы қаласы, Кисловодская көшесі, 34, 050061. Тел.: +7 (727) 221-77-95, e-mail: info@istt.kz.

Байланыс тұлғалары: Р.А. Қалиева +7 727 221 77 95 (ішкі 301).
Д.О. Қоздарбекова +7 708 822 51 04

**(Қосылу сілтемесін алу бойынша сұрақтар үшін байланыс тұлғаларына хабарласыңыз).*

20. «Ломбард Верный» ЖШС (БСН 160140011585) микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияны өз еркімен тоқтатуға ниетті екенін хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 110. Тел: 87717097619.

21. «Global-Invest company» ЖШС (БСН 140140011928) «Bau Vision» ЖШС-не (БСН 250140024289) қосылу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Астана қаласы, Алматы ауданы, А. Байтұрсынұлы көшесі, 16-үй, н. т. 35 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Тел: 87471110591.

22. «Company Stroy Opt» ЖШС (БСН 040540024864) «Arlan Qurylys Astana» ЖШС-не (БСН 250140024398) қосылу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, А.Байтұрсынұлы көшесі, 16-үй, н. т. 35. Тел: 87077567999.

23. «Баянауыл ауданы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 060140004610) «Баянауыл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қайта ұйымдастыруға байланысты «Баянауыл ауданы экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Баянауыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталатын болады. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сатпаев көшесі, 34-ғимарат.

24. «Баянауыл ауданы экономиканың нақты сектор бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 060140004630) «Баянауыл ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Қайта ұйымдастыруға байланысты «Баянауыл ауданы экономиканың нақты сектор бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Баянауыл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталатын болады. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сатбаев көшесі, 49-ғимарат.

27. «Mega Center Plus (Мега Центр Плюс)» акционерлік қоғамы (БСН 111 140 019 514) «Mega Center Plus (Мега Центр Плюс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналу арқылы өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талаптар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247А, электрондық пошта: office_mca@megacenter.kz, телефон: 2322505 (ішкі 5110).

28. БАНДЫРМА ОТБАСЫ ІСТЕРІ СОТЫНЫҢ ШЕШІМІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

НЕГІЗГІ № : 2021/725
ШЕШІМ № : 2024/213

Біздің сотымызда қаралып жатқан некені бұзу туралы сот ісі бойынша ашық сот отырысының нәтижесінде берілген 20.02.2024 жылғы 2024/213 негізгі санды және 2021/725 шешім санды қаулысы негізінде;

1 - Арызды қабылдаумен; Қызылжаөрен ауданы, Баназ ауданы, Ушак провинциясында тіркелген, реттік нөмірі 34, отбасылық нөмірі 24, жеке нөмірі 30, Саадеттин мен Ханымның ұлы, 15.10.1968 жылы Баназ қаласында туған, Түркия Республикасы жеке сәйкестендіру нөмірі 68452149920 Талапкер ФЕРХАТ ОЛМЕЗ және Ресей Федерациясының азаматы, әкесінің аты Никола Семенович, анасының аты Галина Владимировна, 09.10.1976 жылы Қазақстанда туған ИРИНА АНДРЕЕВА ОЛМЕЗ-дің Түркия Республикасы Азаматтық кодексінің 166/1 бабына сәйкес ажырасуы, 2 – Өндірілуге тиіс 427,60 түрік лирасы шешімі мен сот үкімі алымынан алдын ала өндірілген 53,30 түрік лирасының алымының алынуы нәтижесінде қалған 368,30 түрік лирасы шешім мен сот үкімі бажының жауапкерден өндіріп алу және мемлекет қазынасына кіріс ретінде есепке алу; 3 – Барлығы 4423,44 түрік лирасы + 128 АҚШ доллары (АҚШ доллары) сот шығындары, соның ішінде Талапкер төлеген 59,30 түрік лирасы сотқа өтініш беру жарнасы, 59,30 түрік лирасы шешім мен хабарлама алымы және 4,304,84 түрік лирасы корреспонденция, хабарлама және сарапшылық шығындар және халықаралық хабарлама алымы болып табылатын 128 АҚШ долларын жауапкерден өндіріп алу және талапкерге төлеу; - Талапкер төлеген және жұмсалмаған шығыс авансын шешім заңды күшіне енген кезде талапкерге қайтару; 4 – Талапкер іс бойынша құқық қорғаушысының қызметін қолданғандықтан , шешім шығарылған күні қолданыста болатын адвокаттық төлемнің ең төменгі мөлшерлемесіне сәйкес, жауапкерден 17.900 түрік лирасы біржолғы өтемақы өндіріліп, талапкерге төленуі туралы шешім қабылданды.

Бұл шешім талапкердің қорғаушысының қатысуымен және жауапкердің қатысуынсыз жарияланды, шешімге дәлелді шешімді хабарлаған күннен бастап екі апта ішінде біздің сотқа арыз беру арқылы Бурса облыстық сотына шағымдануға болады, осы шешім сотталушы Ирина Андреева Олмезге хабарламаның орнына осы хабарландыру жарияланған күннен кейін 15 күн өткен сон жіберілді деп есептеледі. 25.06.2024 жыл.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК

4. 2024 жылдың 22 қарашасында қайтыс болған Кенбаева Лейла Ельжасовнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ж.С.Абуоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Астана қаласы, Р.Қошқарбаев даңғылы, 37-үй, Н.П.192.

5. 2024 жылдың 2 тамызында қайтыс болған Билисов Курманалы Артыхбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 87754450675.

6. 2025 жылдың 16 қаңтарында қайтыс болған Баудагерова Алмагуль Сурабалдиевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер төмендегі мекенжай бойынша: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 41Б ғимарат, 210-211-кабинет, нотариус Е.Б.Бекқожаевқа хабарлассын. Тел. 87071624991, 87781624993.

7. 2015 жылдың 7 қазанында қайтыс болған Латипов Алиби Оразовичтің (21.12.1989 жылы туылған) артынан мұрагерлік іс ашылды. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал ш/а, 1/2 үй, 20 к-ге хабарласуыңызды сұрайды.

12. 2024 жылдың 3 қарашасында қайтыс болған Еременко Александр Николаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз, мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе.

13. 2025 жылдың 5 қаңтарында қайтыс болған Есбергенов Кайрат Кайруллаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз, мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе.

14. 2024 жылдың 30 желтоқсанында қайтыс болған Ушенина Людмила Константиновнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз, мекенжайы: Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе.

Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы, Судьялар одағының филиалы және Әскери соты департаментінің ұжымы Ғазиз Болатұлы Сақаловқа анасы
Венера Рысбекқызы Сақалованың
қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және Қазақстан Республикасы Әскери сотының судьясы Сақалов Ғазиз Болатұлына анасы
Венера Рысбекқызының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

«LIONSHADOW» КӨКЕ...

(Соңы. Басы өткен санда)

– Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он... Абылай Әзімханұлы, өтінем! Сервер жұмыс істеп тұр деп айтыңызшы. Бір, екі, үш...

– Серверіңнің жұмыс істеп тұрғанын мен қайдан білем?

– «Билгисаярдың» бетінде «Error» деген қызыл жазу шыққан жоқ па?

– Жоқ.

– Иә, Құдай, қолда... Бір, екі, үш...

Нұрбек басын көтерместен қайтадан онға дейін санап шықты.

– Абылай Әзімханұлы, «Error» деген қызыл жазу шыққан жоқ па?

– Шықса не болады, шықпаса ше?

– Шықса құрыдым! Менің он жыл бойы ешкім білмейтін сырларым ашылады. Біз серверді қайта қосқанша, хакер біз туралы бүкіл мәліметті өзіне көшіріп ала қояды. Өмір бойы олардың құлы болып өтетін болдым, ау, енді, – деп қасқа басын пернетақтаға тарс-тарс ұрып еді, қалшылдап-қалтырап кетті, Нұрбек. Пернетақтаның беті шытынап, түймелері шашылып қалды.

– Ешқандай да қызыл жазу шыққан жоқ, – дедім мен оны сабырға шақырып.

– Шын айтасыз ба, – деді Нұрбек менің сөзіме сенбей.

Сөйтсе де, көзін қинала ашты. Жанары қызарып, кинодағы вампирдікі секілді қанталап кетіпті.

– Енді екеумізде де ұйқы жоқ. Кибер шабуыл жасауға тас түйін дайын тұруымыз керек. Ол «билгисаярын» қосқанда серверін «бомбалаймыз». Масқара болып ұйықтап қалсақ, «Shadow»-дың қақпанына түсіп қаламыз, басқа пернетақта әкеліңіз, Абылай аға! – деді түймелері ұшып, ортасынан қақ бөлінген клавиатураның жібін ағытып жатып.

* * *

Компьютердің бетіндегі әр сызық, әр сан, әр код тынымсыз жыбырлайды. Қыбырлаған сандарды құмырсқаларға да ұқсатамын. Көп құмырсқа әрлі-бірлі жөңкіледі. Олардың ішінде жасырынған қылмыскер бар. Дене тұрпаты ұқсас, арқалаған азығы да бірдей құмырсқалардың қайсысы хакер екенін аңдып, інім із бағады. Бізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қайдағы бір шенеуніктердің құпиясы жария болып кетпес үшін Нұрбек екеуміздің арпалысып, күні-түні ұйқы бетін көрмей, «майдан даласында» жүруіміз қаншалықты әділетті?

Осыдан екі күн бұрын мені вице-министр шақырды. Кабинетіне кірген жерден әдеттегідей психологиялық қысым жасауды бастады.

– Киберполдың жұмысы – нөл. Мемлекетке қауіп төніп тұрғанын біз сіздерден емес, Интерполдан естиміз. Неге?

Шені жоғары қызметкерге бағынып үйренген дағдымен қолақпандай дәу, пұшық мұрынды вице-бастыққа үндей қоймадым. Креслосында қаздиып тік отырған оның көзі емес, үңірейген мұрнының тесігі маған қарап тұрғандай көрініп кетті.

– Киберқылмыс күн санап өсіп барады. Мәселен, соңғы бір жыл ішінде киберпол қанша қылмысты ашты? Айтыңызшы ал!

– Ресми дерекке сүйенсек...

– Ресми дерек, статистикаңды қоя тұр! Міне, Интерполдың мәліметі. Сіздер ай қарап, жұлдыз санап отырғанда, хакерлер 128 лауазымды тұлғаның құпия ақпараттарын ұрлаған.

– Интерпол сонда...

– Қысқарт, тыңда мені. Бұл құпия мәліметтер әлемдік баспасөзге жарияланып кетсе болды, ең бірінші сенің басың кетеді. Ұқтың ба?

Вице-министр «кішкене бөбек» саусағын апанның аузындай үңірейіп тұрған пұшық мұрнының тесігіне тығып, қайыра суырғанда іріген сағыздай маңқасы созылып ере шықты.

Бұдан ары шыдау мүмкін емес еді.

– Интерпол, сізге хабарласты ма? – дедім мұрнынан ере шыққан «сағызын» қайда жасырарын білмей сасып қалған бастығымның көзіне тіке қарап.

– Жоқ, министрге! – деді вице-министр сөзін бөліп жібергеніме жақтырмаған түр байқатып. Киберполдың жұмысын жіліктей шағатын адамның кейпін сомдап отырғаны болмаса, әліпті таяқ деп білмейтіні жанарында тұр еді. Содан болар, психологиялық қысым жасауды қате бастағанын түсінген де жоқ.

– Телефонмен айтып па? – дедім әлемдегі ең ірі халықаралық полиция ұйымының атын ойланбай айта салған вице-бастықты мысқылдағандай. Интерполдың полиция департаменттері сияқты бастықтарына жан-жақты мәлімет беріп, хат жазып, иә телефонмен қоңырау шалып отырғанын елестетіп едім, мені күлкі қысты.

– Министрге айтқан.

– «Global Complex for Innovation» (Интерполдың киберқылмыспен айналысатын бөлімі, кеңсесі Сингапурде орналасқан) ұйымы шығар қоңырау шалған, бәлкім? Жоқ, әлде «Cyber Fusion Centre» (ақпарат алмасу бөлімі) орталығы ма?

Вице министр не деп жауап берерін білмей, шын касты. Сосын, «сезікті бірінші секіреді» керімен:

– Сен өзі қайда отырғаныңды ұмыттпа! Біз сенің «Еурополдың» тыңшысы екеніңді білмейді деп ойлайтын шығарсың! Бәрін білеміз! Кітабыңның Германиядан басылып шыққанын да естіп жатырмыз. Қатардағы жедел із кесушінің айналдырған 3-4 жылда киберпол болып, кітап жазып тастауы мүмкін емес. Шетелдік агент болмасаң...

– Құрметті, вице-министр мырза! Сіз маған жала жауып отырғаныңызды білесіз бе? – дедім жарылардай ашуланып. Нақақ айыптауға бұдан әрі төзу мүмкін емес еді. Аяқ-қолым қалтырап, қарсы алдымда отырған бастықты ұрып жіберуге аз қалдым.

– Жала ма, басқа ма, онда шаруам жоқ. Егер лауазымды тұлғалардың құпия құжаттарын қолға түсіргендерді таппайды екенсіндер, бәріне сен кінәлі боласың. Алдыңда екі жол тұрады. Қайсысын таңдасаң да, таңдау өзіңде...

Виценің айтқан екі жолын жақсы білетіндіктен түрім бозарып сала берді.

– Вице-министр, мырза! Тұлғалардың құпия ақпараттары мен мемлекет қауіпсіздігінің арасында қандай байланыс бар? Қорғаныс, иә Ішкі істер министрлігінің электронды базасына шабуыл басталса, түсінемін. Ал, лауазымды тұлға деген...

– Сонда сен, саусағыңды қимылдатып, жұмыс істемей отырғаның аздай, лауазымды тұлғаларды айыптағың келе ме?

– Мәселе айыптауда емес. Құпия ақпараттардың артында сыбайлас жемқорлықтың төбесі көрінбей ме? Жүзден аса мемлекеттік қызметкердің тыққан-сыққаны ашылып қалса, ол қара бастарына ғана қатер. Шенеуніктің қылмысын жабу киберполдың міндетіне кірмейді. Мұны бір деңіз. Екіншіден, сіз айтқан құпия ақпараттардың ұрланғаны туралы мәліметті министрге мәлімдеген Интерпол емес, лауазымды тұлғалардың өзі. Соңғы аптада жеті шенеунікке хакерлер хабарласып, әр қайсысынан миллион доллар қаржы аударуды сұраған. Әйтпесе, олардың құпия ақпаратын жарияламақшы екен. Егер шенеуніктер сүттен ақ, судан таза болса, хакерлердің бопсалауына көне қояр ма еді? Үшіншіден, бұдан кейін сіз вице-министрі басыңызбен маған «шетелдің агентісің» деп жала жабушы болмаңыз. Еурополдың «European Cybercrime Centre», БҰҰ-ның «Counter-Terrorism Committee», Дүниежүзілік киберқауіпсіздік орталығы (Global Forum on Cyber Expertise - GFCE) секілді ұйымдардың ешқайсысы «тыңшы» ұстамайды, ұстаған да емес. Интернеттен төте ақпарат алу мүмкіндігі бар заманда олар тыңшыны қайтпек?

Вице-министрдің жүзі түтігіп, қап-қара болып кетті.

– Сіз, – деді бағанағы сенін ұмытып. – Сіз мені өйтіп оқытпай-ақ қойыңыз, – деді тұтыға сөйлеп. – Әңгіменің тоқетері мынау. Құпия ақпараттарды ұрлаған хакерлерді табасыз. Таппасаңыз екі жолдың бірін таңдайсыз. Боссыз.

Министрліктен ұнжырғам түсіп, басым салбырап, көңілсіз шықтым. Хакерлер шенеуніктердің шетелге тыққан активтері туралы мәліметтерді қолға түсіріп, қоғамдық резонанс жасаса, біраз шендінің басы кетеді. Бірақ, оларға бұл керек емес. Керісінше, лауазымды тұлғаларды қорқытып, миллиондаған қаржыны бопсалағаны тиімді.

Ал, вице-министр айтқан екі жолдың бірі – суицид. Өз-өзіме қол жұмсауым керек. Оған көнбесем, көлік апатынан ба, басқа жайдан ба, әйтеуір көп ұзамай татар дәмім таусылары кәміл. Жанымды қинап өлтіре ме, жоқ у беріп, ұйықтата сала ма, оны өздері біледі.

Жұмысқа іле-шала жетіп, төрт сағат ішінде IT мамандары арқылы хакерлердің Астанада тұратынын анықтадым. Сөйттім де, кибер қылмысты ашуы тиіс орган қызметкерлерін шенділердің былығын жабуға жұмылдыруға дәтім бармай, денсаулығыма байланысты демалыс алып үйге тарттым.

Өз өмірімді сақтап қалудың жалғыз үміті Нұрбектің қолында тұрғандай көрінді.

* * *

– Кел көлеңке, кел «Shadow» – деді Нұрбек баяғы Хасен атам сияқты қасқа басын сипалап. – Оян, хакер, ояншы! – деді сосын темір қалбырдағы энергетик сусынды қылқылдата ішіп. – Мынау Shadow-ыңыз оңай хакер емес. Біздің елді айналдыра бастағанына бар болғаны екі ай болған. Бірақ, оның іздері, тамыры тым тереңде тұрғаны сезіледі. Қандай серверлерге тұмсық тыққанын көру үшін, ол «білім санарын» тезірек қосса екен. Бұған Қазақстан неге керек бола қалды? Неге?

– Күн батарда кішкене адамның көлеңкесі екі-үш еселеніп, ұзарып кетпей ме? Бұл да соның бірі шығар. Әйтпесе, оның ізіне үш күнде түсе қоюымыз мүмкін емес қой, – дедім ішімді кемірген күдікке жауап таба алмай.

– Соған менің де ақылым жетпейді. «Shadow» неге ашықтан ашық із қалдырды?

– Оны біз емес, ол бізді аңдып отырған жоқ па? – дедім жымиып.

– Күлер дүние емес, Абылай Әзімханұлы, күлетін дүние емес, – деді інім пернетақтаға қайта басын қойып.

– «Shadow»-ың атып шығып, андағыңның түймелерін тағы да шашып тастап жүрме, – дедім бұл жолы даусымды шығара жарқылдай күліп.

– «Shadow»-ыңның IP мекенжайын анықтасақ қой. Жұмбақтың бәрі шешілер еді. Бақсыдай бал ашып, отырмас едік, – деді Нұрбек энергетик сусынға қайта қол созып.

– Осы энергетик сусынды ішуді тоқтату керек. Қаншама жас жігіттердің қан қысымын көтеріп, жүрегін тоқтатып тастап жатыр, – дедім әңгіменің арнасын басқа жаққа бұрып.

– Ох, шешеңнің, – деді Нұрбек тағы да бағанағыдай қасқа басын сарт еткізіп бір ұрып. – «Shadow»-ыңыз аз болғандай, «Shadow-2» пайда болды, мұнда! «Ептей алмайдылар» (інімнің әзіл-ысқақ театрларынан үйренген сөзі) арандататын болды. Дайын шабуылды осылай қарай бағыттамасақ, құримыз, Абылай аға. Иә, Құдай! «Shadow»-ды он-он бес секунтқа оята көрме. Бір, екі, үш...

Нұрбектің қанталап тұрған көзіне қарап едім, жүрегім дір етті. Біздің тұқымда жоқ, өте сұсты кейіпке еніп үлгеріпті, ол. Қайдан сап ете түскенін білмеймін, «мынау Хасен атама да, Әди ағама да ұқсамайды. Мүлдем, басқа адам» деген ой келді. Орнымнан атып тұрып, сейфке қойған тапаншамды алмаққа тұра ұмтылдым. Нұрбекте менің қайда асыққанымды ұғар шама жоқ, «білім санарға» баспен кіріп кеткен. Осы сәтті пайдаланып, тапаншаны алып, оғын салып, шүріппесін ағытып үлгердім.

– Он бір, он екі, он үш, он төрт... Абылай Әзімханұлы, сүйінші, қараңыз «Shadow-2» қармақты қапты. Оның серверін быт-шытын шығарып, бомбалап тастадық. Қазір, қазір Абылай Әзімханұлы!

– Ох, шешеңнің, мынау «Shadow-3» қайдан шықты. Бұған да соққы берелік. Біләт, «Shadow-4», «Shadow-5», «Shadow-6», «Shadow-7», «Shadow-8», «Shadow-9»... Мына көлеңкелер неге көбейіп жатыр? Неге? Өздері сұранып келіп, қақпанға түсетіндей жын соққан ба, бұларды?

Жыбыр-жыбыр сандар көбейіп, компьютердің беті жап-жасыл жазуларға толып кетті.

– «Shadow-10», «Shadow-11», «Shadow-12», «Shadow-13», «Shadow-14», «Shadow-15»... Бітті. Абылай Әзімханұлы, қорқынышты, мынау! Бір емес, 15 хакер өздігінен беріле салды. Бұл не сойқан?

– Не сойқан болуы мүмкін?

– Біздің қолмен от көсегелі отыр, бәлкім!

– От көсегені қалай? – дедім түкті түсінбей.

– Абылай Әзімханұлы, мен білсем, бір әккі хакердің торына түсудің алдында тұрмыз. Шешесінің, нем бар еді, шатылып. Қазір бұлардың IP мекенжайын тексеруге отырсам, ұзақ уақыт кетеді. Ол арада «Shadow»-тың оянбауы, «билги саярын» қоспауы мүмкін емес. Құримыз. Құртады, бізді. Қалаңыз, қаламаңыз, мынау киберқылмыскерлер құрған топың мүшесі болып шыға келеміз. Ал, хакерлердің ақпаратын көшіріп алмасақ, тағы болмайды. Не істеу керек, айтыңызшы, Абылай Әзімханұлы!

– Бірінші «Shadow»-ты күтейік, – дедім мен.

– Жоқ, күтпейміз! – деді Нұрбек маған атарға оғы жоқ адамдай безере қарап. – Хотя бы, біреуінің мәліметтерін көшіріп алайық. Өлсек те, не үшін жанымызды қиғанымызды біле кетеміз.

– Өлгені несі? – дедім мен түкті түсінбей.

– Екі жолдың біреуін таңдаймыз ғой, одан басқа не қалды, бізге? – деді Нұрбек қасқа басын қайтадан сарт-сарт ұрып.

– Екі жол жайлы сен қайдан білесің? – дедім Нұрбектің жүзіне тіке қарап. Қалтамдағы тапаншаны жұлып алып, қалай тез кезене қойғанымды аңғармай қалдым.

– Абылай Әзімханұлы, қолыңыздағы ойыншығыңызды шошаңдатпаңыз! – деді Нұрбек түк те қобалжымай. Тіпті, қазір шүріппені басып қалсам да, ыға қоятын түрі көрінбейді.

– Абылай Әзімханұлы, енді тығылмақ ойнаудың түкке қажеті жоқ, – деді Нұрбек. – Мен сіздің 17 жыл бұрын шешесіне еріп, Ресейге кеткен Нұрбек ініңіз емеспін. Нұрбек қазір Мәскеу қаласында жанар-жағармай құю бекетінде «пистолетчик» болып қара жұмыс істейді. Осыдан он жыл бұрын Қазақстанның қауіпсіздік қызметі киберпол құру ісін бастады. Компьютердің тілін меңгерген, жетімдер үйінде өскен ешкімі жоқ қыз-жігіттерді арнайы дайындықтан өткізді. Жаңадан құрылған киберполды басқаратын IT маман жоқ болған соң, ұлттық қауіпсіздік комитеті менің кандидатурамды бекітіп, сіздің үйге інісі кейпінде жіберді. Содан бері, мен Абылай Әзімханұлы Қайсенов деген атпен киберполға қызмет ете бастадым. Қысқаша айтқанда, екеуміз бір адамбыз.

– Полицейге де, комитетчикке де ұқсамайсың. Мұның бәрін неге менің алдымда жая салып отырсың, – дедім әлемдік банктер жүйесінде IT маман болып қызмет етеді деп жүрген інімнің айтқандарына сенбей.

– Міне, сенбесеңіз қараңыз! – деп Нұрбек төс қалтасынан бетінде елтаңба бейнеленген қоңыр түсті қалың куәлікті алдыма қарай лақтырып тастап. Дәл менікіндей құжатты ашып қарап едім, бір жақ бетінде подполковник шенді форма киген Нұрбектің бейнесін, сол суреттің жанында Абылай Әзімханұлы Қайсенов деген тектің жазылып тұрғанын көрдім.

Осы сәтте компьютер беті жыпылықтай бастады.

– Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он... Абылай Әзімханұлы, өтінем! Қандай жағдай болмасын, мен сіздің бауырыңызбын! Бірақ, офицер жеңілгенін мойындауы керек. Менің сіздің көлеңкеңіз болғанымды, болмаса сіздің менің көлеңкем болғаныңызды біреулер біледі. Мен шынында жетім бала едім. Маған Отан дегеннің, отбасы дегеннің не екенін сіз ұқтырдыңыз. Келініңіз, бала-шағам сізге аманат. Мен сізді де, Әйгерім жеңгемді де, кішкентай Арыстанды да жақсы көрдім. Енді қалған ғұмырымды киберқылмыскерлердің құлы болып өткізгім келмейді, – деді театр сахнасында рөл сомдап тұрған актердей тым әсерлі сөйлеп.

Нұрбектің жыларман хәлде айтқан сөздеріне сенер-сенбесімді білмей тұрғанымда тарс еткен дыбыс шығып, ол шалқалап құлап бара жатты. Қалтасында жасырған тапаншасы бар екен, соның шүріппесін басып қалған. Не істерімді білмей, абдырап компьютердің бетіне қарап едім, сервер бұзылып, «билги саярдың» бетінде «Error» деген қызыл жазу шықты.

– Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он...

Енді санауды мен бастадым. Компьютер қайта қосылып, бетінде шетелдік банктердің есепшоттары шыға бастады. Барлық шот менің атыма ашылыпты. Аяқ-қолым қалтырап, санап шығып едім 258 миллион доллар.

Кенет компьютердің беті гүлге көмкеріліп, «LION SHADOW» көкеден сіздерге сыйлық» деген жазу шықты.

«Lion» деген – Арыстан. Арыстан деген Нұрбекті көкелеп жүрген он бес жастағы балам емес пе? Нұрбек екеуміз киберқылмыстар туралы іздене бастағалы бері бүкіл қағаз, бүкіл еңбегіміз үстел үстінде шашылып жататын еді. Қателігіміз сол, «білім санарды» да ылғи ашық қалдырсақ керек.

Жүгіріп барып, Арыстан жатқан бөлменің есігін жұлқа аштым. «Аға де», «ағатай де», «көке де», «көкетай, енді өйтпеймін де» деп асыр сала ойнайтын ағасының әзір ғана атылып өлгенін көрші бөлмеде отырып естімеген баламның бетіне үңіле қарадым.

Оның көзінен сансыз цифр мен әріптерді көрдім.

Ержан НҰРМҰҚА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6230 дана
Апталық таралым 12 460 дана

Тапсырыс №11 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31